

84(5Қаз)
Қ 25

ӘЛДИХАН
ҚАЛДЫБАЕВ

КӨК ДӨҢГЕЛЕК



**ЖАҚЫНДА «ЖАЛЫН» БАСПАСЫНАН
БАСТАУЫШ КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫНА
АРНАЛҒАН МЫНАНДАЙ
КІТАПТАР ШЫҒАДЫ:**

Р. Әбілқадырова. Түлкі қалай патша болды? Әңгімелер мен ертегілер.

Ә. Мусин. Бауырсақ. Повесть және әңгімелер.

Жеті жүз жұмбақ. Жұмбақтар.

Дала көркі — мал. Төрт түлік туралы мақалдар мен мәтелдер.

ЭЛДИХАН ҚАЛДЫБАЕВ

КӨК ДӨҢГЕЛЕК

Әңгімелер мен ертегілер



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН
ЖАСОСТЫРМДЕР КІТАПХАНАСЫ

БАЛАЛАР СЕКТОРЫ

АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1985


Пікір жазған Құрманбай Толыбаев.

201459

Балалар! Жазушы ағаларың Әлдихан Қалдыбаевтың бұл кітабына әр түрлі тақырыпқа жазылған әңгімелері еніп отыр.

Бірінші бөлімдегі бір топ әңгіменің ортақ кейіпкері Бауыржан деген бала достарымен бірге ойнап, бірге жүргенді ұнатады. Сабақтан тыс кезде үлкендердің де сенімді қолғанаты бола біледі.

Ал «Атам айтқан» деп аталатын екінші бөлімдегі деректі әңгімелерге ардагер азаматтардың өнегелі өмірі арқау болған. Сондай-ақ мысалдар мен ертергілердің де оқиғасы қызықты, тілі оқуға жеңіл.



К 4803010000—137
408(05)85 73—85

© «Жалын» баспасы—1985



АУЫРЖАН
ЕГЕН БАЛА
АР

ӘНШІ

Бауыржан әнге бейім екенін күтпеген жерден байқатты. Алдыңғы күні Бауыржан, Раушан, Ләйлә — үшеуі тым ұзақ ойнады. Сабақ жайына қалған.

— Бауыржан, ойынды қой, сабағыңды оқы,— деді мамасы.

— I-i,— деді ол жақтырмай.

Мамасы ұрыспақшы болған,

Бауыржан «I-i»-сін созып, оның аяғын «Анаға сәлем» әніне ұластыра ыңылдап барып, жазу столына отырды.

Шешесі не десін енді, қайта Бауыржанның мына тапқырлығына жымып қойды.

Кешкілік ол кітап оқып отырды.

— Бауыржан, телевизорды қоса салшы,— деді папасы оған.

— I-i,— деді баласы кітаптан бас алғысы келмей.

Әкесі оған ала көзімен ата қараған.

Бауыржан «I-i»-сін кішкене созып кеп жіберіп еді, «Әкеме» әні болып шыға келді. «Әкемені» ыңылдап барып, телевизорды токқа жалғады.

Әкесі енді болмаса ашу шақырып келе жатыр еді, баласының аяқ астынан таба қойған мына амалына разы болып, телевизорға тесіле түсті.

Мана ол мектептен келген бетте:

— Бауыржан, жүгір, магазин жабылып қалар, нан әкеле ғой,— деген апасы.

— I-i,— деді баласы ат-тонын ала қашып.

Апасы реніш білдірмек еді, Бауыржан «І-і»-сін созып кілт «Әже туралы әнге» басты.

Әжесі айналып-толғанып жатыр. Немересінің өзіне ән арнағанына ағынан жарыла қуанып, Бауыржанға себет, тиын ұстата берді.

Міне, өстіп Бауыржан бас-аяғы екі-үш күн ішінде кішкентайлығына қарамай (ол бар болғаны үшінші класта оқиды) небір қиын әнді білетінін байқатты. Бауыржанды осылай жұмсай берсе, ол әнші боп шығатын түрі бар. Сөйтіп жүріп үлкен әнші болып кетпесе не ғылсын!

КЕЙІН КӨРЕМІЗ

Май мерекесінің екінші күні Бауыржан апасы екеуі қала маңындағы совхозда тұратын туысқандарымыздың үйіне кеткен, қайтарында екі көжек көтере келіпті. Көрген бойда үй-ішімізбен шу ете қалдық: ойбай-ау, мұны қайтеміз?

Апасы қабағын шытып, болған жайтты айтты.

Бауыржан туысқанымыздың өзіндей баласы — Жақсылықтың қоянын көріпті де: «Маған көжек керек, бер!» — деп жата жабысыпты.

Жақсылық қонақтың көңілін жықпай, екі көжек бермек болыпты.

— Қарағым, Жақсылық, бермей-ақ қой. Үйіміз мынандай болса, бір сәрі, қора жоқ, қопсы жоқ, бірінің үстіне бірін жинаған сандық сияқты сатылы үйде қиын. Бауыржан, қой, балам, құр әуреге түсеміз, — деп апасы оң рай бермеген.

Көнетін Бауыржан ба, екі көжекті тас қып құшақтап алып, айрылмай қойған.

Апасы амалсыз көнген.

Раушан мен Ләйлә шүпірлеп, көжектерді бас салды.

Шешесі тұр, не дерін білмей күлімсіреп.

— О-ой, — дедім мен.

Бәрі тыныштала қалды.

— О-ой, бұл болмайды.

Бауыржан да жауабын әзірлеп үлгерген екен, сыдырта жөнелді.

— Өзім асыраймын. Лоджиядағы шайдың жәшігіне салып қоямын. Шөбін өзім жұлып әкелем, жемін өзім берем.

Қабағымды түйіп, дауыс көтердім:

— Жоқ, болмайды! Мынандай үйде қоян асыраған деген не сұмдық? Естіген елден ұят.

Мұндайда Бауыржанның алға тартатыны — екі қарындасы.

— Раушан мен Ләйләға да керек.

Раушан мен Ләйлә менің қас-қабағымға қарайды. Мен енді кесіп айттым:

— Қажеті жоқ, апарып тастаңдар! Осы қазір әке-тіңдер!

Бауыржан ерні салбырап, танауы қусырылып жүдеп тұр.

Көңілжықпас бір сезім қылаң берген.

Мамасы мен апасы Бауыржанды аяп кетіпті, жарыса ара түсті.

— Папасы, қой енді. Не болса соған шектей бермейік баланы. Жан-жануар асырап, араласып өскен бала мейірімді болады. Асырасын.

— Сөйтсін. Баланың меселін қайтара бермеңдер түге.

Мамасы да, апасы да жақсы адам. Ол жағы Бауыржанға әлдеқашан белгілі.

Енді бірдеңе десем, Бауыржанға менен жаман адам жоқ. Көңіліне қарадым, көндім.

— Мейлі, асырай ғой. Бірақ жақсылап күтетін бол, балам.

— Мақұл, папа.

Бауыржан екі көжектің қамына мықтап кірісті. Бір қарасақ, даладан шөп жұлып әкеле жатады, енді ырте су құйып, жей беріп жүреді.

— Жарайсың, Бауыржан!

— Мен жақсылап бақсам, көжектерім тез үлкен болады.

Шындығында, көжектер тез үлкейді. Әне-міне

дегенше, шай салған жәшіктің ернеуінен құлақтары ербиіп көрінді. Сол-сол-ақ екен, шоқшиып отырып сыртқа қарайтынды шығарды. Бір күні жәшіктен секіріп түсіп, лоджияда еркін жортаққа басты. Енді екеуі де талыстай-талыстай қоян болды.

Дұрыс-ақ делік. Бірақ Бауыржан қояндарға қарауды қоя бастады.

— Раушан, шөпті бүгін сен жұлып әкелші.

— Ләйлә, бүгін сенің кезегің. Бар, даладан шөп жұлып әкел, — деп екі қарындасын кезек-кезек жұмсауға көшті.

Қашанғы шыдасын, екі қыз қыңқыл-сыңқыл шығара бастады «Кеше шөпті мен әкелгем, бүгін сен әкелге» көшті.

Осындай бір егесте Ләйлә тоқ етерін бір-ақ айтты:

— Көжектердің Бауыржанға керегі жоқ болса, бізге де түкке қажеті жоқ.

Раушан да зорға шыдап жүр екен, Ләйләнің сөзін іліп әкетті:

— Шынында, бұл неге керек? Апарып тастаңдар.

Бауыржан да айтатын сөзін жұптап апты:

— Бұлар — көжек емес, қоян. Құрысын, өздері сасық. Маған овчарка күшік керек. Әперіңдер.

Көп қабатты үйде үй жануарларын ұстау қиын-ақ. Бұрын жайнап тұратын лоджияның әлдеқашан өлексәлегі шығып, екі қоянның қорасына айнала бастаған.

Бұл жай әсіресе шешесіне батады екен, бірден келісті:

— Папасы, сөйт. Күшік тауып бер. Ит — адамның досы. Бала мейірімді боп өседі.

Апасы да ығыр боп жүреді екен, қуана құптады:

— О баста-ақ айтып ем, қояны құрысын деп. Болдыңдар ма? Енді таптың нені асырауды, балам. Ит асырау керек. Ит — жеті қазынаның бірі, ырыс.

Раушан мен Ләйлә мұндайда қарап тұрған ба, жарыса қостады:

— О-о, күшік! Күшік жақсы.

— Ура! Біздің итіміз болады.

Бәрі өстіп қаумалап тұрғанда қайда барам, көндім. Күшік те табылды

Ғажап болды. Бұрын сәске түске дейін пырылдап ұйқтап жататын Бауыржан таң алагеуімнен күшігі қыбыр етсе, бірге атып тұрып, далаға атқып шығып бара жатады. Содан ұзақты күнге күшігінен бір елі ажырамай, аулада асыр салып ойнайды да жүреді. Жаз бойы сөйтті.

Күз түсіп, мектепте оқу басталғанда, көк күшік көк шулан төбет болды. Бұрынғыдай емес, Бауыржан ертеңгісін тұра салып, беті-қолын апыл-ғұпыл жуып, бірдеңе тістеген боп, мектепке тартады.

Көк шуланды мамасы жетектеп бара жатады далаға.

Көк шулан күндіз де есік тырналайды. Үйде басқа жан жоқ, апасы алып шығады.

Кешкісін серуенге шыққанда мен ертіп алам.

Бауыржан итіне анда-санда ғана құлықсыз бір маңайлаған болады.

Бауыржанның мұнысына ең алдымен мамасы мен апасы шыдамсыздық көрсетті.

— Мынауың керек пе, жоқ па? Керегі жоқ болса, құрт көзін.

— Мынадай бірінің үстіне бірін жиған сандық сияқты үйде ит ұстап бола ма? Ит тұрмақ адамның өзі әрең шыдап отырғанда немерек, ол? Әкетіңдер аулақ!

Бауыржанның да айтатын сөзі дайын екен:

— Маған иттің керегі жоқ, күшік керек.

Раушан мен Ләйлә ішек-сілесі қатып күлді. Мамасы күйіп-пісті:

— Ойбай-ау, күшік ит болмай ма? Мынау да басында күшік болатын. Көжек асырасаң қоян, күшік асырасаң ит болады.

— Онда маған аквариум әпересіңдер. Балық асыраймын. Балық — барлық кезде балық.

Бауыржанның мына сөзіне не дерімізді білмей, сілейдік те қалдық.

— Айтып тұрғаны рас, — деді мамасы.

— Сөз тапқанға қолқа жоқ. Аквариум, балық әперіңдер,— деді апасы.

— Аквариум! Аквариум!— деп қуанды Раушан.

— Балық. Біздің үйде алтын балық болады,— деп қолын шапалақтады Ләйлә.

— Жарайды,— дедім мен.— Көк шуланды қайтеміз?

— Қойды адам атпен емес, итпен қайыратын болыпты ғой бүгінде. Әнеугүні Шәкен жата жабысып еді, соған береміз,— деді апасы.

Сөйттік. Көк шуланды қойшы туысқанымызға бердік. Мамасы мен Бауыржан зоомагазинге барып, аквариум, балық алып келді.

Аквариум қонақжай бөлменің төргі бұрышына орналастырылды, су құйылып, ішіне балық жіберілді. Аквариум соқа басы жараспайды екен. Әдемі малта тастар, алуан түрлі су өсімдіктерін салып құлпыртып қою керек. Су ішіне оттегі жіберетін кондиционер қажет. Ойдан-қырдан дегендей, осылардың бәрін тауып туралап қойдық. Аквариум сурет болды да шыға келді.

Бауыржан қашан көрсең, аквариум маңында жүреді. Әңгімесі — балықтардың қызық қылығы.

Бәсе, Бауыржан — жан-жануарды жақсы көретін бала.

Бірақ бұл қуанышымыз да алысқа бармады. Көп ұзамай-ақ оның:

— Раушан, мен ойнауға барам. Телевизор көріп болған соң розеткаға кондиционерді жалғай сал. Күнде сөйтесің,— деп тете қарындасын жұмсағанын естіп қалдым.

Келесі кезек Ләйләнікі, әрине. Бауыржан ертесіне дәл солай етті.

— Ләйлә, балықтарға жемді енді сен шашып тұрасың. Ертеңгілік бір, кешкілік бір азғантайдан шаш. Балық аштықтан емес, тоқтықтан өледі. Шын, кітапта солай жазылған.

Бауыржан өстіп аквариум айналасындағы барлық тірлікті екі қарындасына бөліп берді де, өзі сырттай бақылаушы боп шыға келді. Мейлі, тағы бір

өнерді бастамай тыныш жүрсе бопты, әйтеуір. Ал балық дегеніңіз қоян да, ит те емес, азабы жоқ жануар екен. Аквариум болса, үйге жарастықты болып, орнын тауып тұр.

— Папа, мен аквариумды Раушан мен Ләйләға берем,— деді Бауыржан бірде.

— Өте дұрыс істегенсің. Неге өйттің?

— Балық, торғай асырау — қыздардың жұмысы. Маған фотоаппарат әпер. Фотограф болам.

— Балам, әрненің басын бір шалған болмайды.

Мамасы мен апасы мені жақтырмай қалды.

— Қой, папасы. Әпер сұрағанын. Болсын фотограф.

— Сөйт. Суретке түсіру де — өнер. «Өнерді үйрен де жирен» деген. Үйренсін.

Раушан мен Ләйлә қуанып тұр:

— О-о, Бауыржан фотограф болады.

— Ол мені күнде-күнде суретке түсіреді.

Мен енді бұдан әрі қыңырайсам, үлкендердің көңілі қалып, балалардың меселі қайтады, көндім.

Ал Бауыржан шынымен фотограф бола ма, жоқ па, оны кейін көреміз.

КӨҢІЛШЕК

Бауыржан — көңілшек-ақ. Мұнысы әр кез көрініп тұрады. Оның бәрін тізіп жатпай-ақ, осы жаңағы бір әзірде ғана болған мына бір жәйттарды айтса да аз болмас.

Қазір мезгіл майдың ортасы. Күн көзі үлкеннің де, кішінің де сығырая қарауына жарап қалған кез. Мұндай кезде аула қызығы таусылған ба. Тоңып, үйге тығылатын қыс, ыстыққа булығып, көлеңке қуалайтын жаз емес. Көктемнің бұл шағын қойсаңшы, шіркін! Жан-жақты саумалай өскен тал-дарақ пен алаңдардағы сан алуан гүлден жұпар есіп, кеуде кеңітіп, жүрек алып-ұшып тұрған шақта үйде бала атаулы отырған ба?!

Кішкентай балалар құм үстінде жем шашқан тор-

ғайша шүпірлеп, ойнап отыр. Одан гөрі ересектеу бір топ бала саяқтың үйірінше олай бір, бұлай бір жосып өтеді. Бауыржан қуаламақ ойнап жүрген осы жүйрік топ ішінде. Олар үстілерінен жосып өткен сайын кішкентайлар бір шулап қалады.

Осындай бір қарбалас шақта Бауыржан Серіктің добын бар пәрменімен теуіп өтті.

Серік те — бір үйдің еркесі. Бұл қорлыққа қайдан көнсін, ойбайды салды.

Бауыржан бүлдіріп алғанын білді, состиып тұр. Сонан соң домалап барып, дамыл тапқан допқа қарай тұра жүгірді. Барды да, алып келіп, Серікке берді. Серік жылағанын қояр емес.

Жұбату керек. Қалай? Аяғы ғой пәлені бүлдірген.

Бауыржан жалма-жан доп тепкен оң аяғын бір адым алға тосып, балағын түріп жіберіп:

— Серік, мә, теп. Осы ғой, — деді шын пейілмен.

Серік нағыз безердің өзі екен, қыр жіліншіктен сарт дегізіп бір тепті.

Бауыржан бүгжің ете қалып, аяғын қос қолдап ұстаған күйі отыра кетті.

Есеп — бір де бір. Өз кінәсін өзі біледі ғой, Бауыржан дауыс шығарып жылаған жоқ. Бірақ балалардан шеттеп қалды.

Ендігі бір сәтте ол қыздарға барып қосылып кетті. Қыздардың «ананы өйт, мынаны бүйтін» жан ұшырып орындап жүр. Бәрі жақсы, жарастықты.

Қыздардың тапсырмасы біртін-біртін көбейіп, Бауыржан үлгермеуге айналды. Намысты оңайлықпен қолдан берсін бе, арса-арсасы шыққанына қарамай, қыздардың көңілінен табылып жүр. Осындай қарбаласта Сәуленің ойыншық мысығы жолында тұр екен. Айналып өтуге мұрша жоқ, бір теуіп, ұшырып түсірді. Сәуле шап ете қалды:

— Көзің қайда?

Бауыржан екі көзін жыпықтатты.

— Міне.

— Ол көз емес. Көз болса, неге көрмейсің аяғыңның астындағыны.

— Көз. Байқамай қалдым.

— Көз емес.

— Көз.

Бұл жолы Бауыржанның аузы мен қолы бірге қимылдады. Сәулені иығынан қойып жіберді.

Сәуле шар ете қалды.

Бауыржан состиып жер боп тұр. Қайтсе жұбанады мына шыбық тимес шыңқ етер қыз. Қолы ғой кінәлі. Жеңін түріп жіберіп, білегін алға тосты.

— Мә, ұр, Сәуле, қатты ұр. Мен де жылайын.

Ыза боп тұрған Сәуле аясын ба, майлы білектен осып өтті. Шапалағы қандай қатты еді.

Бауыржан жылап жібере жаздады. Ұрған қыз болған соң ғана шыдады. Енді қыздардың арасында да қызық қалмаған еді, шеттей берді.

Қайда барарын, кімдерге қосыларын білмей дал болып тұрған, тұсынан бір топ бала жүгіріп өтіп бара жатты. Бауыржан әй-шайға қарамай, қапталдан қосыла кетті. Бір кезде Маратпен соғысып қалды. Екеуі де етпеттерінен түсті. Бауыржан атып тұрып, үстін қаға бастады. Марат тұрар емес, жатыр.

Бауыржан Маратқа төніп тұр.

— Не болды, Марат?

— Не болды? Сен. Қағып жықтың мені. Шекем-ай, шекем-ай...

— Мен бе кінәлі?

— Сен.

Бауыржан бас киімін жұлып алып шекесін тосты.

— Мә, ұр онда. Аяма. Мен де жылайын.

Дайын шекені кім аясын, Марат дәл құлақтың түбінен бір қойды.

Бауыржан ал кеп жыла.

Әй, көңілшек Бауыржан-ай. Әуелі бүлдіріп алып, артынан соның бодауына әркімге әр жеріңді тосып жүргенде не тамтығың қалар екен?!

ҚУАНЫШ, ӘКЕЛ БЕТТІ!

Бәрі ойыннан басталды.

Үлкен үзіліс бітіп, балалар орындарына отырып жатқан. Класқа екі өкпесін қолына ала еңтігіп Қуаныш, оны өкшелей қуып Айбар кіріп келді. Айбар баспалдақтан жүгіріп көтеріліп барады екен, Қуаныш басып озған. Айбар бар болғаны соған-ақ шырты ете қалған:

— Әй, неге озасың, тоқта! — деген.

Қуаныш елемеген, тоқтамаған.

— Көрсетейін мен саған озғанды!

Айбардың сыры белгілі, Қуанышты қуып кеп берген.

Қуаныш класқа кірген соң қояр деп өкпінін басқан. Жоқ, Айбар өйтпеді, Қуаныштың көк желкесі зірк ете қалды. Басқа ұрса бір сәрі, Айбарға амал жоқ. Онымен байланысып, абырой таппайсың. Оның кластағы балалардың бәріне әлі жетеді. Кімде-кім оған қарап бас көтеріп көрсін, Айбар дереу адыраңдап шыға келеді. Балалар оның мұнысына түгел көнген.

Міне, енді Қуаныш та желкесінің оңбай ауырғанын білдірмей, кәдімгі бір өзі кінәлі адамдай-ақ үн жоқ, түн жоқ, басын төмен салған беті орнына барып отыра кетті. Екі көзінен екі моншақ үзіліп түсіп, партаға тырс-тырс тамды.

Қуаныштың көз жасын Бауыржан көріп қалды. Жүрегі дір ете түсті.

Бүкіл кластың көзінше жолдасына қол жұмсады деген не сұмдық?! Мұны не деп болады.

Айбар түк білмегендей-ақ тымпиып, партасына қарай кетіп барады.

— Айбар, тоқта!

Айбардың төбе шашы тік тұрды. Өмірі бұл клас-тан мұндай өктем дауыс естіп көрмеген. Қаны басына шауып, екі беті ду етіп қып-қызыл болып кетті. Дауыс шыққан жаққа қарамады, тоқтамады да. Дауыс несін бірден білді — Бауыржан. Екінші клас-ты мектеп-интернаттан бітіріп келіп, бұларға осы

биыл, жуырда ғана қосылған бала. Қарай гөр-ей! Ештеңе етпейді, Айбардың кім екенін білмей жүр екенсің сен әлі! Білесің, білдірем. Сонда тұмсығыңды тықнайтын боласың әлің келмейтін жерге.

Айбар партасының жанынан өте бере, Бауыржанға ала көзімен ата бір қарады. Бауыржан орнынан атып тұрды.

— Тоқта деймін мен саған, тоқта! Кешірім сұра Қуаныштан.

Айбар кілт тоқтады.

Қарсы алдында қасқайып Бауыржан тұр.

Айбардың шегір көзі шот қабағын жарып шығып барады, ызаға булығып, өңі түтігіп кеткен.

Бауыржанның қап-қара мөлдір көзі жайнап, ширғып алған. Бір қарағанға тіпті үнсіз күліп тұрған да сияқты.

— Сен кім едің сонша Қуанышқа ара түсетін?

— Мен — Бауыржанмын.

— Қай Бауыржан? Бау-ыр-р-жан. Сендей батыр Бауыржанды білмеймін мен.

— Білмесең білесің. Ол — мына мен!

— Балалар, мына жаманды қараңдар, өзін батыр Бауыржанмын деп тұр. Мә, саған, Бауыржан!

Айбар Бауыржанды құлаштап құлақ шекеден көздеп тұрып-ақ ұрып еді, қолы ауаны осып, екпінімен өзі ұшып түсті.

Бауыржан бұғып қалған. Бойын қайта тіктеп, жымыып қарап тұр.

Бүкіл класс қыран күлкіге батты.

Бұл — Айбар Айбар болғалы көрмеген қорлық! Не істеп, не қоярын білмей орнынан самарқау тұрып жатыр. Жұдырығы дарымады, енді екі аяғын іске қосады, дәл тізеден тебеді. Маған десе, тізесінің ұршығы шықсын, жіліншігі шорт сынсын, бәрібір.

Айбар енді тап берген.

— Айбар, тоқтат!

Рахима апай!

Айбар кілт тоқтады.

Класқа апай кіріп келеді екен. Енді бітті. Бауыр-

жаңның тізесінің ұршығы шықпайды, жіліншігі сынбайды. Көресіні бұл көреді.

Айбар еңіреп қоя берді.

— Айбар, не болды саған?

Апайға Айбар емес, бүкіл класс жауап берді:

— Апай, Айбардың өзі.

— Айбар Қуанышты ұрды.

— Бауыржан ара түсті.

— Бауыржанды ұрмақ болып еді, қолы тимей, өзі мұрттай ұшты.

— Дұрыс екен. Онда несіне жылайсың?

— Ыза болып жылаймын. Ол мені ренжітті.

Апайдың түсі бір суып, бір жылыды.

— Жөн-ақ. Байқаймын, сен шатаққа жақынсың, тегі. Немене, сен ұрғанда Қуаныш ыза болмай ма, ренжімей ме?

— Болсын. Төбелессін. Өшін алсын. Әлі келмей ме, үндемесін.

— Айбар, сен өйтіп қаныпезер болма. Біреуге жұдырығын ала жүгіру — барып тұрған жат қылық. Біз сені өйтіп еркіңе жібере алмаймыз. Солай ма, балалар?

Класс шу ете қалды.

— Солай, апай!

— Айбар — сотқар. Балалардың бәрін ұрады.

— Қыздарға да тыныштық бермейді.

Апай қолын көтерді.

Класс тына қалды.

— Бәрі түсінікті болды. Балалар, өздерің айтыңдаршы, сонда не істеуіміз керек? Қандай жаза лайық бұл Айбарға?

— Бәріміз жабылып ұрайық.

— Кластан қуайық.

— Ешкім мұнымен сөйлеспесін, ойнамасын.

— Мұны пионерге қабылдамау керек.

— Қазір бұрышқа тұрғызып қойыңыз.

Балалар өстіп жаза түрін тізбектеп айтып жатыр.

Айбар өзін аяйтын бір адамды көрмеді. Төмен қараған күйі тұнжырап тұр.

Соңғы сөз апайдікі.

— Айбар, көрдің ғой, саған осы жазаның бәрі лайық.

— Апай, Айбар өз қатесін мойындап, Қуаныштан кешірім сұраса, осымен қояйықшы.

Міне, қызық! Бүкіл класс та, Айбар да аң-таң. Өзіне жауығып тұрған адамға ара түскенді кім көрген?!

Рахима апай бар денесімен Бауыржанға қарай ұмсынып:

— Ал сенің мұныңды қалай түсінеміз?— деді.

— Апай, біз — көппіз, Айбар — жалғыз.

Бауыржан әрі қарай не дерін білмей тұрып қалды.

Ендігі сөзді апай іліп әкетті:

— Бауыржан, сен өте дұрыс айтып тұрсың. Біз — көппіз, Айбар — жалғыз. Жолдастарына жайсыз адам көпшіліктен жырақтанады, жалғыз қалады. Ол осыны түсіңсін. Қуаныштан кешірім сұрасын.

Айбар басын көтерді.

Кластағылар күлімсіреп тұр екен.

Айбардың да жүзі жылып сала берді.

— Апай, кешіріңіз!

— Айбар, сен кешірімді менен емес, жолдастарыңнан сұра.

— Сонда кімнен, Қуаныштан ба?

— Қуаныштан да, бәрінен де сұра.

— Қайтіп сұраймын, Қуаныштың қолын алайын ба, жоқ, бетінен сүйем бе? Не істейін, айтыңызшы?

— Бетінен сүй!

— Мақұл. Сүйем. Қуаныш, әкел бетті!

Балалар қыран күлкіге батты.

ТАЗАЛЫҚ КҮНІНДЕ

Жұма — тазалық күні. Бұл күні мектептің барлық оқушылары сияқты 3 «В» класы да соңғы сабақтан соң түгелдей қалып, өздеріне тиесілі жұмысты атқаруға кіріседі. Үшінші кластықтарға да тап-

сырма аз емес, өздеріне жетерлік. Кластың есік-терезелерін, парталарды, тақтаны тап-таза етіп жуып, сүрту, аулада өздеріне бөлінген жерді, гүлзарды мұнтаздай қып сыпырып, жайнатып қою — оңай шаруа емес. Бірақ көптің аты көп, жұлдызша-жұлдызша боп кірісіп кеп кеткенде бір пәсте-ақ бітіріп тастайды.

Әнеүгүні бөлісте Бауыржанның жұлдызшасына бір қатардағы парталарды жуу тиген. Бұл дегенің — жұлдыздағы бес бала жыл бойы тазалық күні алты партаны айнадай етіп жарқыратып жуып тұруы керек деген сөз. Ал Бауыржан болса, парта жууды жек көреді. Былтыр бір парта жуамын деп арса-арса болып терлеп, былғамаған жері қалмай, рәсуасы шыққаны бар. Сонда партаға қайтып жуымасқа бекінген. Міне, енді парта жуу тағы алдан шығып отыр. Қайтпек? Қараптан-қарап бас тарта алмай-сың, бір амалын табу керек.

Бауыржан соңғы сабақта парта жуудан құтылудың жолын ойлаумен болды. Сабақ бітуге жақындаған сайын бір орында отыра алмай, тыпырши берді. Біресе екі шекесін ұстап, біресе ішін басып көрді. Бәрі орнында, ауырмайды.

Рахима апай Бауыржанның мазасызданғанын байқап отырған:

— Смағұлов, саған не болған, тынышсызданып отырсың ғой, — деді.

— Апай, ішім ауырады...

Бауыржан осылай деуге бекініп пе еді, жоқ па, өзі де білмей қалды. Әйтеуір, аузына түскен сөз осы болды.

— Ішің ауырса, бара ғой.

Өзі әрең шыдап отырғанда мына сөзден кейін бір минут аялдасын ба, Бауыржан лып беріп кластан шыға жөнелді.

Шынымен ауырмаған соң қиын екен, жападан-жалғыз сопайып қалай бармақ үй жаққа? Танитын біреу-міреу кездесіп қалып: «Басқа балалар оқуда,

Областная детская
библиотека

сен неғып жүрсің мұнда?» — десе қайтеді? Қой, әзірше үй жаққа жолауға болмайды.

Бауыржан көрші аулаға бет түзеді. Сентябрьде аула баласыз, ойынсыз болған ба? Сәкіде бір топ бала отыр екен. Күнде көріп жүрген, танитын балалар. Бауыржан келді де, қосылды да кетті. Әдгіме қызығына беріліп, іші ауырғаны мүлдем ұмыт болды.

Өстіп отырғанда бұларға Бауыржанмен бір класста оқитын, бір жұлдызшаның мүшесі Талғат келіп қосылды. Ол дәл Бауыржанның қасына келіп отырып жатып:

— Бауыржан, ішің ауырғаны қайда? Мұнда не істеп отырсың? — деп мұны шынтағымен бүйірден бір түртіп қалды.

Бауыржан тарс кетті:

— Тапқан екенсіңдер парта жуатын ақымақты! Жуыңдар өздерің! Еш жерім де ауырмайды.

— Солай де. Алдаған екенсің ғой.

— Солай. Алдадым.

Бауыржан қолды бір сілтеп, үйіне тартты.

Келсе, мамасы телефонмен сөйлесіп жатыр екен. Кірген заматта ол бұның үсті-басын бір сүзіп шықты да, сөзін жалғастыра берді.

— Міне, өзі де келді... Қайдам, еш жері ауырған бала сияқты емес. Көреміз қазір сұрап... Онда шақыртам дәрігер... Жарайды. Сізге көп рақмет, мұғалім.

Мамасы телефон трубкасын қоя салды да, Бауыржанға ұмтылды:

— Балам-ау, жай ма? Қай жерің ауырады. Іш дегені несі тағы? Жағымсыз бірдеңе жеп қойдың ба?

— Жоқ, мама, еш жерім ауырмайды.

— Қалайша? Ішің ауырып, сабақта отыра алмапсың. Дәрігер шақыртайын.

— Керегі жоқ. Парта жуғым келмей, «ішім ауырды» деп, алдап кеттім.

Шешесінің қабағы қатулана түсті.

— Бұл не пәле тағы? Оны кім үйретіп жүр? Бар, апайыңа шындықты айт, парта жуып қайт.

— Олар тарап кетті. Класта ешкім жоқ.

— Сен не, сонда жолда ойнап жүрген екенсің ғой.

— Иә.

— Мұның жарамайды, балам. Осың ақырғы рет болсын. Ешуақыт жолдас-жораңнан жырақтанба. Коллектив болып бір іске кіріскен екенсіңдер, бөлінбе. Ол жақсылыққа апармайды: жалғыз қаласың. Ертең бара салысымен апайыңнан да, жолдастарыңнан да кешірім сұра.

Бауыржан бәріне мақұл деді. Өйтпеске шара қайда, мамасының айтқанының бәрі рас.

Ертеңіне Бауыржан мектепке бетімен басқандай болып әрең келді. Не болса, соған қуыстанып, зықы шықты. Бәрі Бауыржан қайтер екен деп, әліптің аяғын бағатын тәрізді. Неше рет апайдан кешірім сұрауға оқталып еді, батпады. Бір оңтайы келмеді. Бар болғаны оқтын-оқтын Талғатқа ұрланып қарайды. Бірнеше рет көзіне көзі түйісіп қалып еді, ол емес, бұл төменшіктей берді. Кінәлі адамның күні құрысын!

Осындай әрі-сәрі күймен соңғы сабақ та бітті-ау! Қоңырау шылдыры естілісімен балалар жапа-тармағай дәптерлері мен кітаптарын жинауға кіріскен.

Осы сәт Рахима апай оң қолын сәл көтеріп:

— Балалар, сәл аял қыла тұрыңдар,— деді. Класс тына қалды. Бауыржанның өкпесі аузына тығылды.— Балалар, кеше біз тазалық күнін жақсы өткіздік. Барлық жұлдызша ойдағыдай еңбек етті. Әсіресе, төртінші жұлдызша ерледі. Бір мүшесі ауырып қалғанына қарамай, олар жууға тиісті парталарды дер мезгілінде айнадай етіп жарқыратып қойды. Мен оларға рақмет айтамын.

Бүкіл класс қол шапалақтап жіберді.

Бауыржан ғана қосылмай, төмен қараған күйі портфелін шұқылап отырып қалды.

— Ал енді бүгінгі кезекшілер тақтаны сүртіп, бірен-саран былғанған парта болса, соларды ғана тазалап жуып қойсын.

— Мен қазір келем,— деп апай орнынан қозғала берген.

— Апай!— деді Бауыржан. Мұғалім жалт қарады.— Апай, бүгін кірлеген парталарды мен жуайыншы

— Неге? Кезекші ме едің?

— Жоқ. Кеше... Ке-кеше, м-мен өтірік ауырып ем.

— Қой!

— Шын, апай. Бір жолға кешіріңізші! Бүкіл класс кешірсін! Мамам кешірім сұра деп еді.

— Мамаң болмағанда сұрамайтын ба едің?

— Сұрайтын едім.

— Бәсе! Қайтеміз, балалар? Бауыржан жусын ба парталарды?

— Жусын!

Бауыржан жалт қарады. Талғат разы болып күліп тұр.

Бүкіл класс шулап қоя берді:

— Жусын-жусын!

— Жарайсың, Бауыржан!

— Онда жуа ғой, Бауыржан.

Кешке дейін еңсесін басқан зіл батпан салмақ иығынан түсіп, Бауыржанның тұла бойы жеңілдеп сала берді.

МУНЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІЗ?

Мектептің бірінші қабатына терезелерді бекер орнатады. Бала біткеннің бәрі — терезенің жауы. Балалар, әрине, терезеге әдейілеп тиіспейді, абайламай сындырып алады. Футбол теуіп, волейбол ойнаса-ақ, доп терезеге қарай ұшады, қолдағы тас, немесе жентектелген қар бәрі-бәрі терезенің көзін табады. Бітті, әрі қарай баланы шатақ күтіп тұрады.

Бауыржан мен Марат та осындай бір пәлеге аяқ астынан ұрынды. Анықтап айтсақ, Бауыржан тепкен доп Мараттың қолынан сырғып шығып, мектеп терезесінің бір көзін қиратты да кетті.

Кінәлі кім? Бір-біріне үрейлене әрі жазғыра қараған екеуінің жүзінде де осы сұрақ тұрды. «Кінә-

лі — мен» деп мойындар кейіп екеуінде де жоқ. Қайта Марат:

— Терезеге қарай неге сонша қатты тептің?— деп шап ете қалды.

— Қолың қайда? Ұстасаң етті.

— Менің қолымды қайтесің, өзіңнің аяғыңа ие бол. Терезені қираттың, жауап бер.

— Ал сен ше?

— Мен бе, мен... Сен сындырдың дедім бе, сен.

Марат сөзін аяқтамай, теріс айналып, жүгіре жөнелді.

Бауыржан аң-таң тұрып қалды. Сабақтан соң Рахима апайға айтуға бекінді.

Рахима апай қатар отыратын екі шәкіртінің бір нәрсеге келіспей қалғанын бірден аңғарған. Үшінші класта оқитын отыз баланың әрқайсысының мінез-құлқы өзіне әбден мәлім. Бауыржан мен Марат бір-бірімен тату еді, не болған? Сұраса ма екен, сұрамаса ма екен? Сабақ соңында да көрер.

Сабақ бітуге жақындағанда, әңгіме ауаны адалдық жөніне ойысты.

— Апай, адал адам қандай болады?— деді Сәуле.

— Иә, бәсе, өздерің айтыңдаршы, балалар адал адам қандай болады?— деді апай.

Балалар шулап қоя берді:

— Адал адам ақылды болады.

— Адал адам ешкімді алдамайды.

— Адал адам — жақсы адам.

— Дұрыс, балалар, осы айтқандарыңды кішкене бір қорытындылап, ой түйейік.

Осы сәт Марат орнынан атып тұрды. Үстіңгі ерні дүрдіп, көзі жасаурап кеткен.

— Апай, біз, жоқ, мен жаңа үзілісте бірінші қабаттағы терезенің бір көзін сындырып алдым. Енді қайтем?

— Міне, бұл — адалдық. Бірдеңені бүлдірген екенсің, қателігіңді мойында, түзе. Адал адам сөйтеді, кінәсін мойындаудан қашпайды. Марат, сен де сөйтіп отырсың, адал адам...

Енді Бауыржан орнынан атып тұрды.

— Апай, Марат — адал емес, өтірікші.

Барлық класс Бауыржанға қарай қалды.

Марат бұға түсті.

— Бауыржан, не дедің? Қайталап айтшы, — деді мұғалім.

— Марат — өтірікші. Терезені біз екеуміз сындырдық. Бұл жаңа қашып кетіп еді, енді келіп адал бола қалыпты.

— Солай ма? Рас па, Марат?

Марат үн қата алмады.

— Ой, бұл болмаған екен! Қателігіңді мойындағаның жақсы, бірақ шындықты айту бәрінен де артық. Қап, әттеген-ай! Мұны қалай түсінеміз?

Марат жерге кірермен болып, мөліп тұр.

Бауыржан бір қалыптан айныған жоқ, жүзі жарқын.

КӨРШІЛІК ПАРЫЗ

Бауыржан мен Қаламқас — үшінші кластың оқушылары. Екеуі ортаңғы қатардағы алдыңғы партада отырады, тату көрші. Күнде-күнде бір партада қатар отырған соң бірен-саран майда-шүйде көз аларту болып қалады. Бірақ онда тұрған не бар, ештеңе жоқ.

Бауыржан — құлағы түрік, шапшаң бала. Рас, кішкене мазасыздау болып кететіні бар.

Қаламқас — жер қозғалса, қозғалмайтын, мінезі ауыр қыз. Бірақ, шектен шығып бара жатса, Бауыржанға басу айтатыны бар.

Әсіресе, кеше қатты қырына алды. Алғашқы сабақ үстінде-ақ:

— Бауыржан, тыныш отыр, — деп жабыса кеткені.

Бауыржан ыза болып, кәдімгідей бұртиып қалды. Өкпелейін десе, Қаламқастікі дұрыс. Тым алақтап-жұлақтап кеткен.

Бауыржан сабасына түсті.

Көріп отыр екен, Рахима апай:

— Бұлардың дұрыс. Екеуің бір жұлдызшаның мүшесісіңдер. Біріңнің кемшілігіңді бірің түзетіп жүргендерің жөн. Оның үстіне көпшілік парыз және бар,— деген.

Сол-сол-ақ екен, Қаламқас Бауыржанға шұқшиды дейсің бірі.

Үзіліс кезінде Бауыржан алыс-жұлыс ойынның ортасында болуды ұнатады. Ойынға бір кіріскен соң белгілі ғой, шамадан асып кеткеніңді білмей қаласың.

Бауыржан да елден ерек емес, қайта ойынға жан-тәнімен кірісетіннің нағыз өзі.

Міне, енді алғашқы үзілісте ойын жаңа қызған. Бауыржан тізгінді ағытқан, Қаламқас сап ете түскені.

— Бауыржан, жай, үсті-басыңды былғамай ойна,— деп қасқая қарап тұр.

Ал керек болса, бұдан кейін ойнап көр. Адамның беті бір қайтып қалған соң бола ма, Бауыржан топ ішінен сытылып шыға берді.

Ренжиін десе, Қаламқастікі дұрыс. Есіріп кеткен өзі. Бауыржан амалсыз басылды.

Ол күндегі әдетімен сабақ бітісімен, кластас достарымен бірге мектептің дәл алдындағы аялдамаға тартты. Ал, шындығына келсек, Бауыржанға аялдamanың түкке қажеті жоқ: үйі мектептің дәл іргесінде. Бірақ ол дүрмекпен аялдамаға келгенді, жолдастарын шығарып салғанды жақсы көреді. Автобус бірінен соң бірі ағылып келіп, кілт тоқтай қалады. Жұрт лықсып шығып, лап қойып мініп жатады. Бауыржанның достары автобусқа мінуге асықпайды, бұлар елдің мінген-түскенін қызықтайды, аялдамада асыр салып ойнайды.

Дәл солай мәжіре-жай болып жүрген.

Қайдан шыққанын кім білсін, Қаламқас пайда бола қалғаны.

— Бауыржан, қой, жетеді ойнағаның. Үйіңе қайт,— деп қадалды.

Бауыржан кілт тоқтады, әрі-сәрі болып біраз

тұрды. Томпақ қара көздері жасаурап, астыңғы салыңқы ерні салбырап кетті.

Үндей алмады.

Бірдеңе дейін десе, Қаламқастікі дұрыс.

Автобустар аялдамаға ағылып келіп, тоқтап жатты. Бірақ оның еш қызығы қалмаған еді.

Бауыржан үйіне тартты.

Келе жатып ол ойға батты: бұл Қаламқас қамқор болғансып мазалай бермек пе енді? «Аулақ жүр», — деп қағып тастау керек шығар. Онда Рахима апай оны неге мақұлдайды? Қаламқастікінің бәрі дұрыс. Екеуі бір жұлдызшадан, көршілік парыз және бар. Қаламқас та өзі сияқты оқушы. Оның да кемшілігі бар. Ендеше Қаламқасқа ұқсап бұл да неге оған қамқорлық көрсетпейді? Е-е, жарайды, ертең болсын. Ертең алғашқы сабақ — бақылау. Қаламқас бақылау жұмысын жай жазады. Апайдың айтқанын бірде үлгеріп, бірде үлгере алмайды. Міне, осы ғой Қаламқастың бір осал жері. Жар-райды.

Балалар бақылау жазуға сақадай сай болып, апайларын күтіп отыр. Бауыржан да, Қаламқас та дайын.

Бауыржан кеше бекінген ойын айтты:

— Қаламқас, сен бақылауды менен көшір.

Қаламқас шоршып түсті.

— Неге?

Сен жай жазасың. Үлгере алмай қаласың. Менен көшірсең екеуміз де жақсы баға аламыз.

— Сенен көшіріп жақсы баға алғанша, өзім жазып, «екі» алғаным артық.

— Солай ма? Онда мен де сенің тіліңді алмаймын.

— Сен жаман болмақсың ба сонда?

— Ал, сен, нашар баға алмақсың ба?

— Жоқ, жақсы баға алам.

— Ендеше, көшір.

— Біреуден көшіру — жаман әдет. Өзім жазам.

— Әдет. Ол неге керек? Жақсы баға алса, болыпты да.

— Жоқ, олай емес.

— Жоқ, солай.

Осы сәт есіктен апай кіріп келе жатты. Бәрі орындарынан тұрды.

Енді бұдан әрі сөйлесу қайда.

Бақылау жазу басталды.

Бауыржан оқтын-оқтын Қаламқастың дәптеріне үңіліп қарап қояды. Қаламқас бәрін үлгеріп жазып отыр.

Байқап қалыпты Рахима апай:

— Бауыржан, сен үлгере алмай отырсың ба? Мен жылдам айтып жатырмын ба?— деді.

— Жоқ, апай, үлгеремін...

— Онда Қаламқастың дәптеріне қарай берме. Біреуден көшіру — жаман әдет. Өзің жаз.

Қаламқастың жаңағы сөзі тағы да алдынан шықты.

Бауыржан Қаламқастың дәптеріне енді қайтып қараған жоқ. Қайта бақылауды өте жақсы жазуға тырысып бақты.

ЕРІНШЕК

Қызық, біреу қысты, біреу көктемді, біреу жазды, біреу күзді ұнатпайды. Бауыржан үшін жыл мезгілінің ең жаманы — күз. Әлбетте, Бауыржан қаладан екі адым аттап шықсаң болды, егіс алқаптарының басталатынын, оларда көкөністің алуан түрі өсетінін, күзде бәрі қалаға тасып жеткізілетінін, сөйтіп олардың магазиндерде сөрелерді қайыстырып тұратынын жақсы біледі. «Балалар көкөніс жеуі керек»,— деп әжесі де, мамасы да, папасы да алма-жүзім, қауын-қарбыз, помидор, шабдалы дегендеріңді кезек-кезек себет-себетімен көтеріп келіп жатқаны. Көрсетіп же, ұрлап же, әйтеуір, же, той. Күздің осынысы рақат-ақ қой, шіркін!

Жаманы қайсы сонда? О-о, ол көп! Ең алдымен күзбен бірге оқу басталады, енді ал кеп күніге мектепке салпақта. Онан соң, күн суытып, үстіңе қабат-қабат киім кию керек болады. Осының екеуі де

Бауыржанға барып тұрған азап. Киім деген жыл мезгіліне қарай адамның үстіне өз-өзінен келіп лып етіп киіле қалатын, білгің келген сабақ сарт етіп миыңа қона кететін болса, нағыз өмір деп, міне, соны айт. Ал мынау не? Азап.

Міне, тағы да күз келді. Басында айттық қой, бұл — жыл мезгілінің ішіндегі Бауыржанның ең жек көретіні. Оның анық-қанығына жету үшін алысқа бармай-ақ, осы жуырда ғана болған мына бір жайларды әңгімелеп қана қояйық.

Бауыржан ала жаздай аяғына жеп-жеңіл сандал киіп жүретін, носкидің қажеті болмайтын, бауы жоқ, байлап әуреге түспейтін, аяғына сұға салатын да тарта беретін. Күз келді де, салқын түсті. Аяққа енді бөтеңке кию керек. Бөтеңке киетін болған соң, носки кию керек екені өз-өзінен түсінікті. Бөтеңке біткеннің шұрқ тесік көзі, оған өткізіп шандып байлайтын сала құлаш бауы болады. Киген сайын белді үзіп еңкейіп, екі аяқпен алысып жату азап емей, немене?

Бірақ адамдардан амал артылған ба? Бауыржан да киінудің оңай жолын тапты. Бөтеңкені аяққа носкисіз-ақ сұға салып, бауын байламай-ақ тартып отырады. Ал көйлек, костюм-шалбардың түймелерін жартылай салып жүре беретін болды. Мектепке де дәл осылай келеді. Бәрі дұрыс еді.

Кеше Рахима апай Бауыржанды тақтаға шақырды. Бар пәле осыдан басталды.

Ойында ештеңе жоқ, тақтаға құлшынып-ақ шыққан. «Беретін сұрағыңызды беріңіз» деген батыл кейіппен апайға қарай берген. Апайдың сұрағы сабақ жөнінде емес, мүлде басқаша болды:

— Мұның не? Үсті-басың не боп кеткен? Түймен салынбаған, бөтеңкеңнің бауы байланбаған.

Бауыржан не айтарын білмей, қипақтап қалды. Не десін, апайдың айтқанының бәрі рас.

— Мұның дұрыс емес екен, Бауыржан. Кәне, алдымен көйлегіңнің түймесін салып қой.

Қайтеді, Бауыржан көйлегінің түймесін салды.

— Костюміңнің түймесін сал.

Амал қайсы, Бауыржан костюмінің түймесін салды.

— Ал енді бәтеңкенің бауын байла.

Лаж жоқ, Бауыржан бәтеңкесінің бауын байламақ болып еңкейе берді. Аяғында носки жоғын көрсетпеймін деп жасқаншақ тартып, бүгжектеп қалды. Рахима апай Бауыржанның бәтеңкені жалаң аяқ киіп жүргенін көріп қойды.

— Бауыржан-ау, немене, носкиің жоқ па еді?

Екі құлағы ду ете қалды. «Ұялған тек тұрмас» деген рас. Қатты ұялды. Бірақ амал қайсы, бірдеңе деу керек.

— Бар, өзім кимей жүрмін,— деп шынын айтты.

— Неге?

— Ерінем.

— Қалайша? Сонда түймеңді салуға да ерінеді екенсің ғой.

— Иә! Ерінем.

Балалар аң-таң, ішінара күліп жібергендері де бар.

— Бұл не болғаны сонда? Балалар, айтыңдаршы, не дейміз, Бауыржанның мұнысына?

— Жалқаудың нағыз өзі...

— Ерінбе дейміз...

— Иә. Сөз біреу — ерінбе. Бір бұл емес, еріншек болсаң, әлі талай ұятқа қаласың.

— Мақұл. Ендігәрі ерінбеймін, апай.

Уәде беру — о бастан оңай, ал оны орындау — қашаннан-ақ қиын. Бауыржан кейінгісін ойлап жатпады, оңайына қарай қашты.

Ал Рахима апай болса, Бауыржанның айтқанына сенді.

Әрине, Бауыржан да өз сөзінде тұратын бала. Ертеңіне мектепке мұнтаздай болып, тап-таза киімдерін киіп келеді. Сонда жан адам бұны тергемейді, ешкім таңырқап қарап, келемеждемейді.

Бірақ ойға алғанының бәрі орындала бермейді. Қолдан келмесе лаж жоқ, қолдан келіп тұрғанның орындалмағанына, әрине, өзің кінәлісің.

Бауыржан ойын қызығымен жүріп, сабақ баста-

луға жақын қалғанда даладан үйге ентіге кірді. Мұндайда әр нәрсенің ұмыт қалатыны заңды. Ұмытпайтын біраз нәрсе: алдымен апыл-ғұпыл ауызға бірдеңе салу керек, сонан соң сабаққа дайындал-дайындалма қолға портфельді алу керек, қалғаны не, аяққа бөтеңкені сұға сал да, есіктің тұтқасына жармас, сөйт те баспалдақпен заулап кеп жөнел. Сөйтті. Бөтеңкесі күндегісінше тарп-тарп етіп, екінші қабатқа жете бергенде барып есіне носки кимегені түскені. «Не істемек, керек?» деп үлгергенше екпінімен тоқтай алмай, далаға атқып шықты. Кері бұрылайын десе, үйдегі әңгіме кластағыдан аз болмайды.

— Ой, осы бала-ақ ұмытшақтығын қоймады-ау!— дейді апасы. Екі қарындасы апасынан қалыспайды:

— Бауыржанда ешқашан носки болып көрген емес,— дейді Раушан мен Ләйлә жарыса.

Шынында, носки бар ма еді өзінде? Иә, бар, қыстай киіп шыққан. Бірақ олар қазір қайда, қай қуыста? Оңайлықпен табу қайда?

Бауыржан жалма-жан жан-жағына қарады. Шеткі бірінші подъездің алдындағы орындықта ерте көктемнен суық күзге дейін әр нәрсені бір ермек етіп аулада жүретін Айбала мен Ұмытшақ әжей отыр екен. Соларға қарай берді де, қатты ыңыранып, ішін ұстап, бүк түсіп отыра кетті.

Екі әжей орындарынан атып-атып тұрды.

Бауыржанға да керегі — осы, қисалаң етіп жата кетті.

— Ойпырмай, мына балаға не боп қалды?— деді Айбала әжей.

— Соқыр ішек болған шығар,— деді Ұмытшақ әжей.

Екі әжей ентелей басып келіп, Бауыржанды екі қолтығынан демеп, үйіне алып жүрді.

Мына жайды көргенде Зияда әжей шошып кетті.

— Ойбай-ау, не боп қалды? Жаңа ғана сап-сау кеткен бала еді. Балам, не болды саған?

Бауыржанда үн жоқ.

— Далаға жүгіріп-ақ шығып еді, ішін басып отыра кетті,— деді Айбала әжей.

— Сөйтті де серең етіп жата кетті,— деді Ұмытшақ әжей.

Үшеуі қаумалап әкеліп Бауыржанды диванға жатқызды.

Ләйлә шкафтағы аптечкаға жүгірді, Раушан телефонға жармасты.

Ләйлә дәрі-дәрмек салынған аптечканы апыл-ғұпыл ашып жатыр. Раушан жедел жәрдеммен жалғасып үлгерді.

— Алло!.. Жедел жәрдем...

Осы сөз Бауыржан орнынан атып тұрды.

— Мен ауру емеспін.

Апасының қолындағы қаңылтыр аптечка қаңғыр етіп еденге ұшып түсті. Дәрі-дәрмек шашылып қалды.

Раушан телефон трубкасын өз орнына тастай салды.

Ләйлә селтиіп тұрып қалды.

Айбала және Ұмытшақ әжей сыртқы есікке беттеді. Екеуі:

— Әкем-ау, мұнысы несі?

— Бұл — бір қызық болды-ау!— десіп, таңданып бара жатыр.

Зияда әжей:

— Мұның нең, қарағым-ау? Жаңа ғана түріңнен түр қалмап еді. Бұл не?— деп, немересін тергей бастады.

— Түк те емес. Маған дәрі де, дәрігер де емес, носки керек.

— Сол-ақ па бар болғаны? Ойпырмай, бұл не сөз?

— Апа, қорықпай-ақ қой. Мен әдейі ауырдым.

— Е-е, неге?

— Сол. Носки кию керек болды. Ауырдым.

— Міне, қызық! Түсіндірші, ауруы не, нәскейі не?

— Кеше мен апайға аяғыма носки киіп келем дегем. Ұмытып кетіппін. Мектепке барсам, Рахима

апай, бармасам, сендер ұрсасыңдар. Сонан соң ауырдым.

— Ой, тентегім-ай, сол бір жапырақ нәскейге бола елді осынша дүрліктіргенің! Раушан, Ләйлә, әкеліңдер ана шкафтан нәскей біткеннің бәрін. Барсын мектебіне таңдағанын киіп.

— Жоқ, мен бүгін аурумын.

— Қой, әрі, біресе — ауру, біресе — сау. Бұл қай сасқаның сонша? Ертең мен пенсияма онын әкеліп қояйын ол нәскей деген пәленің. Қазір, кәне, табылғанын ки де жөнел оқуыңа.

Киетін киімді күні бұрын дайындап қоймаған соң осы да. Жуық арада носки табыла қоймады. Енді апасы да, Раушан да, Ләйлә да үйдегі зат салатын шкаф, шифоньер, тумбочка біткеннің ішін астанкестенін шығарып іздеп жатыр.

— Сен бұрын да өстіп бір рет өтірік ауырғаның, — деді Раушан.

Бауыржан шоршып түсті.

— Қашан?

— Анада, тазалық күнінде, — деді Ләйлә.

Айтып тұрғандары рас. Құтылып көр енді! Сонда да бірдеңе деу керек қой.

— Мейлі. Көп сөйлегенше табыңдар носкиді.

— Табамыз.

— Барасың мектепке.

— Барам.

Несі бар, табылған носкиді киіп кету керек мектепке. Алдымен табылсыншы сол носкиі құрғыр. Табылды болды, аяққа сұға сап жөнейді.

ҚОРҚАҚ КІМ?

Бауыржандар жаңа үйге қоныс аударды.

Жаңаның аты жаңа, қайда қарама, үйдің іші-сырты да, есік-терезе де жарқырап тұр. Бәрі көз тартады.

Барлық жерден көңілділік сезіледі. Үлкен де, кіші де қуанышты. Дегенмен, балалар жағының қуа-

нышы ерекше. Жаңа үйдің жаны толған қызық оларға. Өздері үлкендер құсап бірін-бірі көп тосырқап жатқан жоқ, демнің арасында танысып, бірігіп ойнап кетті.

Әдетте жаңа үйдің оны-мұны кем-кетігі болмай тұрмайды. Айталық, пәтерге электр қуаты, газ бірден берілмейді. Үй айналасын ретке келтіріп, көріктендіріп, көгалдандыруға байланысты біраз жұмыс болады.

Бауыржандар кірген жаңа үйдің жағдайы да дәл осындай еді. Өне-міне дегенше шаруа атаулы біртін-біртін ретке келе бастады. Алдымен барлық пәтерге тұрғындар көшіп кірді де, кешке қарай самсаған терезелерден жарық саулап, тәтті тамақтың иісі мұрын жарды. Бұл дегенің жаңа үйге электр қуаты да, газ да берілді деген сөз. Бітті, жаңа қоныс иелерінің көңілі жай тапты.

Алайда жаңа үйдің ауласы құрылыс материалдарының қалдықтарынан тазартылмай, тротуар асфальтталынбай біраз жатты. Сөйтсе оның жөні бар екен. Құрылысшылар көктем шығуын күтіп жүріпті. Қар кетіп, жер дегдісімен, жаңа үй маңын мотор үні басты. Құрылысшылар экскаватор, каток, автомобиль әкеліп, жұмысқа жапа-тармағай кірісіп кеп кетті. Құрылыс қалдықтары экскаватормен сыпырылып, машинаға тиелініп әкетіліп жатты. Үй маңындағы тазартылып, тегістелген жерге көшеттер отырғызылып, жол атаулыға, алаңқайға асфальт төселе бастады.

Біз әңгімемізге арқау еткелі отырған кішкентай оқиға, міне, осы асфальт айналасында болған еді.

Жаңа үйдің балалары жұмыс тез бітсе, ойнайтын жер кеңісе екен деп асыққан еді, оған болмады. Басқа жұмыс шапшаң бітіп-ақ еді, асфальт төсеу созылыққырап кетті. Аптаның соңғы жұмыс күні аяқталған кезде ауланың сол жақ шетіндегі алаңқай жартылай асфальтталынды. Жұмысшылар қалған жерді бітіріп тастамақ болып, сенбі күні де жұмысқа келген, бірақ асфальт жеткізетін машина бір-ақ рет қатынады да қайтып оралмады. Жартылай асфальт-

талынған алаңқайда моторлы каток қаңтарулы қалды.

Құрылысшылар кетісімен, бұл маң жаңа үйдің бір топ баласына еркін тиді. Алдымен олар әлі жөнді қата қоймаған асфальтқа келіп тиісті, өкшелерін қадап, іздерін түсіріп байқады. Аяқ киімді аяма-саң болғаны, асфальт беті әжептәуір айғыздалады екен. Балалар енді оны тепкілеп көрді. Демнің арасында асфальт бетін майда шұрқ-шұрқ тесік басып кетті. Балалар сонда да қояр емес, есіріп алған, шамалары келгенше тепкілеп жатыр.

Мына тірлік Бауыржанға бір түрлі ыңғайсыз болып көрінді. Біреудің еңбегін еш ету ғой бұл!

— Балалар, қойыңдар! Мұнымыз ұят! Әсіресе, құрылысшылардан ұят. Мынаны көргенде олар не дейді? «Мына үйдің балалары тәртіпсіз екен» дейді. Тоқтатыңдар! Келіңдер, қайта мына жыпырлаған ізді қайтадан тепкілеп көмейік.

— Мынау не деп тұр-ей? Ұятшылын қарай көріңдер мұның! Ұялса, өзі ұяла берсін. Ал біз асфальтқа атымызды жазып шығамыз, ел оқып жүреді.

Төртінші подъезде тұратын, Бауыржанмен бірге үшінші класта оқитын Талғат деген толық, бадырақ көз қара бала осылай деді де, асфальтты екілене тепкілей бастады.

Балалар Талғаттың айтқанына еріп, Бауыржанды күлкіге айналдырды:

— Ұялатын бала — бала емес, ол — қыз. Ондай балаға қуыршақ ойнау лайық.

— Бұл ұялшақ емес, қорқақ. Құрылысшылардан қорқып тұр.

Бауыржанға енді бұл ойынның қызығы қалмады, шеттей берген.

Балалар жемге жабылған балапандар құсап, жерден бас алар емес.

Осы сәт бір нәрсе аяқ астынан құлақ тұндырадар-р-р ете түсті. Қазір ғана батырсынып тұрған балалар тым-тырақай қашты. Ал Бауыржан бір орнында состиып тұрып қалған. Тіптен мырс етіп күліп жіберді.



— Ой, қорқақтар!

Барлық бала бір-бірінен ұялып, көздерімен жер шұқып тұр.

— Ой-ба-ай, өл-ді-ім!..

Енді бәрі дауыс шыққан жаққа жалт-жалт қараған. Міне, қызық! Моторлы каток от алып кетіпті, бері жылжып келеді. Үстінде еңіреп жылап Талғат отыр.

Басқаның бәрі ұмыт болды, балалардың бәрі катокқа қарап лап қойды.

Каток бір қалыпты дүрілдеген күйі ақырын жылжып келіп, асфальтқа жаңа ғана бәрі жабыла түсірген ізді таптап өте шықты. Енді тіке үйге қарай тартты. Жолда жаңадан отырғызылған гүл, ағаш көшеттері бар. Бұл бетімен жылжи берсе, мына каток алдымен соларды жаншып өтеді, содан соң барып үйге соғады!

Талғаттың есі шығып кеткен, екі көзі жасқа толып отыр, еш әрекетсіз.

Бауыржан жүгіріп келіп катоктың артына жабысты да, үстіне қарғып шықты. Талғатты баса-көктеп барып жанына отыра кетіп, рульге жармасты. Талай шыр айналдырған ойыншық машинанікіндей емес, катоктың рулі ауыр екен. Сонда да тас болып қатып оңға қарай бұра берді. Сөйтсе, каток қалай шабан жүрсе, солай қиын бұрылады екен. Өне-міне дегенше каток көшеттерді жанап өтіп, қайтадан алаңқайға бет түзеді.

Балалар қапталдап улап-шулап жүр.

— Бауыржан, пәле екенсің ғой!

— Нағыз механизатор де!

— Бұл экскаватор айдауды да білер, тегі!

— Талғат қорқақтың өзі екен.

Бауыржан бұл сөздерді елең қылған жоқ, катокты тоқтатпақ болып, әр тұтқаны бір тартып барады.

АҚАУ

Ерте көктемде Бауыржандардың үйінің жанынан жаңа үй салына бастады. Үй салу, әрине, оңай емес. Ең алдымен аумағы ат шаптырым жер тақтаймен

қоршалды. Содан соң-ақ, екі экскаватор, бірнеше ауыр жүк көтеретін машиналар іске кірісіп кеп кетті. Мотор үні таңның атысынан күннің батысына дейін бір тынбай, өне-міне дегенше үлке-ен шұңқыр қазды. Содан соң шұңқырдың жағасына ұзыннан-ұзақ темір жол төселіп, оның үстіне сорайған көтергіш кран тұрғызылды. Сол-сол-ақ екен, кран іске қосылды да күні бұрын жеткізілген ірге тас бір-біріне кіріктіріліп, қалана бастады. Енді бір қарағанда үй қабырғалары қаланып, көтеріле бастады. Әрі қарай есік-терезе салынып, әрлеу-сырлау жұмыстары қолға алынды. Айнала төңірегі көріктендірілді.

Аспанға ақ сұр бұлт шығып күз келгенде, жаңа үй пайдалануға дайын болды. Құрылысшылар етек-жеңін жинай бастаған. Артық-ауыс құрылыс материалдары тасылып әкетіліп, қажеті жоқ техника азайған. Өстіп жатқанда кешке қарай күздің алғашқы жаңбыры жауды.

Жаңбыр құйып бергенде аулада ойнап жүрген балалардың бәрі үйді-үйіне қашып тығылды. Бауыржан мен Талғат та сөйткен, бірақ екеуі де үйлерінде тағат тауып отыра алмай, балкондарына шықты. Екеуі көрші, балкондары қатар, әрнені айтып мәз болып тұр.

Бауыржанның көзі жаңа үй жаққа түсіп кетіп еді, мына қызықты қара, бергі бұрыштан қабырғаны бойлай су ағуда. Бауыржан жақсы біледі, жаңа үй болсын, ескі үй болсын бұйтпеуге тиіс. Шатырдан тамған тамшы қабырғаға тимеуі керек. Ол үшін шатыр жақтауы қабырғадан жарты метр артық тұрады. Ал мынау дұрыс емес. Бауыржан осыны сонша тез ойлап өтті де, Талғатқа қарады. Талғат байқамаған сияқты, қаннен-қаперсіз тұр.

— Талғат, жаңа үйге қарашы!— Бауыржанның даусы қатты шығып кетті.

— Ал қарадым.

— Не көрдің?

Талғат иығын қиқаң еткізді.

— Жөндеп қара.

— Жөндеп қарадым, ал.

- Ештеңе көрмедің бе?
— Жоқ. Көрмедім.
— Ана қабырғаны шайып аққан тамшыларды ше?
— Көрдім. Онда тұрған не бар?
— Бәрі бар. Жақсы емес.
— Неге? Соны да сөз деп.
— Енді қалай деп ең. Мұны құрылысшылар білмейді, өйткені жаздай жаңбыр жауған жоқ. Ертең олар көрсе — жақсы, көрмесе — айту керек.
— Түу, қамқорым-ай! Көреді, сенсіз де табылады жаны ашитын адам.
— Табылар-табылмас, ал менің ертеңгі ісім осы болады.
— Әліңе қара, прораб!
— Қараймын ба, қарамаймын ба, ол — менің шаруам.

Екі бала өстіп ерегісіп ажырасты.

Ертеңіне Бауыржан ойна салып, балконға атқып шықты. Жаңбыр түнде басылып, қабырғаның кешегі су болған жері кеуіп кетіпті. Ештеңе білінбейді. Жаңа үй төңірегі абыр-сабыр қимыл екен.

Бауыржан тез киіне салып, жаңа үйге қарай тартты.

Бұл ентелеп келуін келді-ау, бірақ назар аударған жан адам болмады. Кімге, не дерін білмей біраз тұрды. Ептеп жүрек тоқтатты. Сол сәт жанынан шашын ақ қырау шалған жайдары жүзді ұзын бойлы ағай өте берді.

— Ағай,— деді Бауыржан.

Ағай жалт қарады:

— Иә, балақай, бірдеңе айтайын деп пе едің?

— Ағай, сіздердің жұмыстарыңызда бір ақау бар. Соны айтайын деп ем.

— Иә, міне, қызық!— Ағай мырс етіп күліп жіберді.— Ол не, айта ғой.

— Айтсам, кеше жаңбыр жауғанда, анау бұрыштан қабырғаны бойлап су ақты.

— Е-е, мынауың дұрыс екен, көне, көрсетші.

Ағай мен Бауыржан су аққан бұрышқа келді.

Тамшының ізі байқап қарағанға ақ сора болып көрініп тұр екен.

— Әне, ізі көрініп тұр ғой,— деді Бауыржан.

— Көрдім. Мұның дұрыс екен. Бұл — нағыз ақау. Жаңбыр жауған сайын бұл жерден су саулап, ең алдымен үйдің сәнін кетіреді, сонан соң, әрине, сылағы түседі, кірпіші мүжіледі. Атың кім, айналайын?

— Бауыржан.

— Менің атым — Бейсенбек. Бауыржан айналайын, сен бізге үлкен жақсылық жасадың. Шифері сынған ғой. Біз осы күйі үйді өткізіп кеткенде, күні ертең тұрғындар ренжитін еді. Сен бізді жұрт наразылығынан күні бұрын құтқардың. Көп-көп рақмет! Азамат екенсің! Бала деген осындай болуға керек қой! Өркенің өссін!

Бауыржан ұялып қып-қызыл болып кетті. Не қыларын білмей тұрып қалды.

— Ағай, мен кеттім,— деді әрең дегенде.

— Бара ғой, қалқам. Біз қазір сен айтқан жерді түзейміз.

Бауыржан келе балконға шығып алып, жаңа үй жақтан көз алмай қарап тұрды. Көп ұзамай-ақ шатырға екі ағай шықты. Екеуі тура кешегі су аққан жерді бір отырып, бір тұрып қарай бастады.

Бауыржан дереу ішке еніп, телефон соқты.

— Алло,— деді Талғат.

— Кәне, балконға шықшы. Қара, кешегі жерді жөндеп жатыр.

— Қойшы, ей?!

— Шық, көр!

Бауыржан мен Талғат балконға жүгіре шыққанда, құрылысшылар сынған шиферді алып жатқан.

— Мен көрсеткен ақауды жөндеп жатыр.

— Ой, пәле-ай! Сен бе, сен құрылысшы боларсың түбінде,— деді Талғат таңданып.

— Несі бар, болам.

— Бол-бол. Жүр, жақын барып көрейік.

— Жүр.

Бауыржан мен Талғат өзді-өзі есігіне беттеді.

БІР ШӘУГІМ ШАЙ

Демалыстың аты — демалыс.

Демалыс күні елдің бәрі тәрізді Бауыржанның апасы да орнынан кешеуілдеп тұрады. Бұл күні ешкім еш жаққа асықпайды, папасы мен мамасы жұмысқа, өзі оқуға, қарындастары балалар бақшасына бармайды, шай жай ішіледі. Апта бойы ертелі-кеш қазан-ошақтың басынан бір шықпай, тыным көрмейтін анасының қолы ұзарып, арқа-басы кеңиді.

Бауыржан ұйқысынан енді оянып келіп залға кіре берген, апасы бір қолында лупа, бір қолында программа, диванда отыр екен, мұны көрді де:

— Бауыржан, жұрт тұратын уақыт болды, шай қоя салшы, — деді.

Бауыржан ерінді. Бірақ оны қалай айтсын — жалтарды.

— Қайтіп қоям? Қалай қоюды білмеймін.

— Сол да сөз болып па? Қоясың, қойып көр!

— Қалай?

— Былай, алдымен шайнекке су толтыр, сөйтіп сіріңке жағып, газды ашып кеп жібер. От лап ете қалады. Бітті, шайнекті оттың үстіне қоясың. Түсіндің бе?

— Ой, апа, қиын екен, түсінгем жоқ.

— Жүр онда, өзім қойып көрсетейін.

Апасы мен Бауыржан ас үйге келіп кірді.

Апасы жаңағы айтқанын қайталай жүріп, бәрін өзі істеп шықты: шайнекке су толтырып, плитаға қойды, газды жақты, шай қойды.

— Қалай, түсіндің бе, балам?

— Түсіндім.

— Онда дұрыс.

Бауыржанның апасы осы — сенгіш адам.

Түс әлетінде апасы Бауыржанды шай қоюға екінші рет жұмсады.

— Бауыржан, шай қойшы, қарағым.

— Қайтіп қоям? Қоя алмаймын.

— Неге? Бағана түсіндім дегенің қайда?

— Түсінгем. Кранды ашам. Мен ашсам, ол жабылмай қойса қайтем?

— Бәсе деймін-ау. Кран жабылмаса, үйді су алып кетеді. Нағыз пәле — сол. Жүр көрсетейін, ол краны құрғырды қалай жабатынын.

Апасы дәл бағанағыдай түсіндіріп жүріп шайды өзі қойды.

— Ал енді түсіндің бе, балам?

— Түсіндім.

— Түсінгеніңнен де, өзіңнен де айналайын.

Бауыржанның апасы осы — мейірімді адам.

Кешке қарай апасы Бауыржанды шай қоюға үшінші рет жұмсады.

— Бауыржан, маған бір шәугім шай қойып бере қойшы.

— Қайтіп қоям? Қорқамын.

— Неден?

— Газдан. Өрт шығып кетсе, қайтем?

— Ойбай, абайла! Газ деген бір пәле. Жүр, оны қалай жағатынын тағы бір рет көрсетейін.

Апасы газ жағуды қайта-қайта түсіндіріп жүріп шайды тағы да өзі қойды.

— Ал енді бәрін түсінген шығарсың, балам?

— Түсіндім.

— Міне, үлкен жігіт болды деген осы енді!

Бауыржанның апасы осы — кең адам.

Залға кірісімен апасы диванды солқ еткізіп отыра кетті.

Бауыржанның жүрегі дір ете қалды.

— Апа, не, бір жеріңіз ауыра ма?

— Иә, тізем ауырады. Ас үй мен екі арада дамылсыз жүгіре бергенді көтере алмайтын болып жүрмін. Әкең мен шешенің жұмыстан қолы тимеді. Раушан мен Ләйлә әлі кішкентай, сен де әлі бір шәугім шай қоюға жараған жоқсың.

Бауыржанның екі беті нарттай боп қызарып кетті.

— Апа, апатай, жүрші ас үйге, мен сізге бір шәугім емес жүз шәугім шай қойып беруге жараймын. Жүр, өзім көрсетем.

Бауыржан апасын әй-шәйға қаратпай, қолынан

тартқан күйі ас үйге алып кірді. Демде шайнектегі ызылдап қалған суды төгіп, қайта толтырды, газды өшіріп, қайта жақты. Ақ шайнекті отқа қойды.

Апасы аң-таң.

— Апырау, бұл қалай болды өзі? Демнің арасында бәрін қалайша біле қойдың? Бәрі дұп-дұрыс, орнықты.

— Апа, мен бәрін білемін. Сізге бір шәугім шай қойып беруге жарадым ғой, ә?!

— Білгеніңнен айналайын мен сенің, жарадың-жарадың.

Апасы да, баласы да қуанышты еді.

АДАМНЫҢ АҚ ПЕЙІЛІ

Бауыржанның апасы ауырып, қалалық ауруханаға түсіп қалды.

Қалалық аурухана — Бауыржандардың үйіне өте жақын, бар болғаны көшенің арғы бетінде. Төрт қабатты үлкен сұрғылт үй көшені ұзына бойлап созылып тұр.

Бауыржанның апасы сол ауруханада жатыр.

Адам ауырған екен, оның көңілін сұрап болар. Адамның ақ пейілі науқасты жарты аурудан арылтады.

Бауыржан мұны жақсы біледі. Бұл — апасы құлағына талай құйған әңгіме. Апасы бұл сөзді басқалар ауырғанда айтатын, қайткенде де науқас адамның көңілін бір сұрап қайтпай тыншымайтын; енді, міне, өзі ауырып қалды.

Тезірек көңілін сұрап барып, апасын жарты аурудан арылту керек. Аурудың көңілін сұраған адам ең жақсы сөзін айтуға тиіс. Не айтуды Бауыржан жақсы біледі. Апасының осындай кезде айтқандарын талай естіген, көкейінде сайрап тұр: «Ештеңе емес. Сәл-пәл суық шалып қалған ғой. Доктордың айтқанын істеп, берген дәрісін ішу керек. «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген, тез-ақ айығып кетесіз».

Апасының не дейтіні де белгілі: «О-о, Бажан ке-

ліпті ғой. Құлыным менің! Апаң сәл-пәл ауырып қалды. Сен көңілімді сұрап келдің, болды, ауырғанды қоямын енді. Дәрігер рұқсат етсе, үйге қайтамын».

Әшейінде Бауыржан көшенің арғы бетіне ойлана-ойлана өтер еді. Өйткені аурухана мен Бауыржандардың үйінің арасындағы Коммунист көшесі — қаладағы ең үлкен көше. Қашан болмасын бұл көшемен машина ерсілі-арсылы дамылсыз жосып жатады, кесіп өту қиын. Ал қазір, амал қанша, арғы бетте — ауруханада апасы жатыр, өту керек, көңілін сұрау керек. Әрине, көше қиылысынан өткен дұрыс-ақ, бірақ ол қайда, талай жер. Аяғыңды ауыртып, айналып жүргенше көше шетіне барып аңдып тұрып, машина легі саябырси бергенде, лып етіп өте шықса болғаны.

Машина әрлі-берлі зуылдап тынбай, жол бермей, Бауыржан көше шетіне бір қауым уақыт тұрды. Ақыры сиреді-ау. Бауыржанның да күткені осы еді, әй-шәйға қарамай, арғы бетке тура тартты. Көшенің ортан белінен аса берген, дәл өкпе тұсынан зы-ың-ң еткен дыбыс шықты.

— Бала, тоқта! Неге көшенің қиылысынан өтпейсің?

Бауыржан жалт қарады. Сарыжолақ «Жигулиден» бір милиционер ағай түсіп жатыр. Амал қайсы, Бауыржан милиционер ағайға қарай жүруге мәжбүр болды. Бауыржан мен милиционер ағай бетпе-бет келді.

Сол сәт милиционер оң қолын шекесіне апарып:

— Старшина Саудабаев, — деді.

Бауыржан бірдеңе деу керек екенін сезе қойды.

— Б-ба, жо-жоқ... Үшінші класс оқушысы Бауыржан Смағұлов, деді тақ-тақ етіп.

Старшина Саудабаев мырс етіп күліп жіберді.

— Жарайсың, Бауыржан! Бүйтіп нық жауап беруді қайдан үйреніп жүрсің?

— Телевизордан. Солдаттардан.

— Дұрыс-дұрыс. Солдаттан үйрену керек. Ал

енді көше тәртібін бұзғанды кімнен үйреніп жүрсің?

— Ешкімнен. Өзім бұздым.

— Мұның да дұрыс. Ендеше үш сом айып. Ақшаң бар ма?

Бауыржанның екі көзі тас төбесіне шықты.

— Ақшам жоқ.

— Жоқ болса бар, әке-шешеннен әкел.

— Олар бермейді.

— Енді кім береді?

— Апам.

— Е-е, онда апаңнан әкел.

— Апам ауырып жатыр мына ауруханада.

— Онда отырмайсың ба үйінде, бүйтіп тәртіп бұзғанша?

— Мен апама барам. Көңілін сұраймын. Сонда апам тез жазылады. Соған асығып бара жатырмын.

— Өй, жолың болғыр, бағанадан бері сөйдемейсің бе? Апамның көңілін сұраймын де. Сұра-сұра. Бара ғой. Апаң тез жазылсын. Бірақ ендігәрі көше тәртібін бұзба. Қиылыстан өт. Апасының көңілін сұраймын деп бара жатқан балаға светофор әр кез ашық — жасыл көше. Сен барған соң апаң жарты ауруынан айығар, бар, тезірек бар.

— Рақмет, ағай! Мен кеттім.

— Бара ғой, Бауыржан.

Қанша көріп жүріп мән бермепті, төрт қабатты сұрғылт үйдің бүйірінің әр жер-әр жері есік-тесік екен. Бәрінен жұрт кіріп-шығып жатыр. Бауыржан қайсысына беттерін білмей аңырып біраз тұрды. Осылай тұра берер ме еді, кім білсін, дәл қарсыдағы есіктен ақ халатты ағай шығып, Бауыржанға бір сөт қадала қарады. Содан соң:

— Иә, балақай, кімге келдің? — деді.

— Апама.

— Апаң кім?

— Апам — апам.

Ағай жымиды.

— Фамилиясы кім?

— Фамилиясы кім? Біл... Жо-жоқ. Білем. Тұра тұрыңызшы ойланайын.

— Өз атың, фамилияң кім?
— Бауыржан Смағұлов.
— Е-е, болды. Апаңның фамилиясы — Смағұлова.

— Жоқ, олай емес. Апам папамның емес, мамамның мамасы. Олардың фамилиясы бөлек. Қалай еді? Т-т. Тасболатова.

— Міне, жігіт! Жарайсың, таптың. Енді апаңның ауруын айт, қай есікке кіретініңді көрсетіп жіберейін. Апаң немен ауырады?

— Білмеймін.

— О-о, оның қызық екен. Апаңның ауруын білмесең болмайды. Мен көмектесе алмаймын.

Бауыржан қорқып кетті. Апасын енді таптым-ау дегенде, айрылып қалмақ па?!

— Ағай, білем-білем. Апамның белі ауырады, екі тізесі басқызбайды, сүйек-сүйегі сырқырап қақсайды, көзі жөнді көрмейді, құлағы жақсы естімейді.

Дәрігер ағай күліп жіберді.

— Әй, Бауыржан, айтқаныңның бәрі дұрыс. Оларыңның диагнозы біреу-ақ. Оның аты — кәрілік. Ал сенің апаң белгілі бір аурумен емделіп жатқан шығар. Сен соны біліп кел.

— Білем. Қазір.

— Немене, үйлерің жақын ба еді?

— Жақын, өне, ана үй.

— Е-е, бізге көрші екенсің ғой. Онда бар да, біліп кел. Сөйте ғой. Апаңды іздеп шықан екенсің, тап, көңілін сұра. Сен көңілін сұрап барсаң, апаң ауруынан тез айығады. Аурудың көңілін аулаған жақсы. Адамның ақ пейілі — шипа.

— Мен оны білемін, ағай.

— Қайдан?

— Апам айтқан.

— Солай, ендеше. Бар, жүгір үйіңе.

Бауыржан жалт бұрылып, үйіне қарай тұра жүгірді. Амал қайсы, старшина Саудабаевқа берген уәдесі бар, сонау қиылыстан барып өтеді. Кім білсін, көшені кесіп өтсе, старшина тоқтатпас та, тоқтатса, апасы үшін асығып жүргенін айтар еді. Бірақ

уәденің аты — уәде. Адам сөзінде тұруы керек.

Бауыржан жүгіре басып барады. Апасының көңілін неғұрлым ертерек сұраса, ол соғұрлым жылдам жазылады ғой.

КӨК ДӨҢГЕЛЕК

Көктем туып, күн ұзарған шақта әрлі-берлі ызғытып велосипед тебу — бар баланың арманы. Бауыржан мен Талғат та бұл кезде велосипедтен түспейді.

Таң атқалы екеуі талай жерді шарлап үлгерді. Кеше Комсомол паркіне барып, әбден шиырлап қайтқан. Бүгін де сөйтпек еді, Бауыржан мінген велосипедтің артқы дөңгелегі желін жіберіп қойыпты. Бауыржандікі Талғаттікіндей жаңа емес, көне. Оның үстіне екі дөңгелегі екі түрлі: алдыңғысы — ақ, артқысы — көк. Рас, артқы дөңгелегі тозыңқыраған, содан басқа айыбы жоқ. Бауыржанға велосипед керек болғанда, папасы сол артқы дөңгелекті ауыстырып, басқа да оны-мұнысын жөндеп берді. Әрине, Бауыржан ескісініп, қыңқылдаған.

— Әуелі осыны тоздырып ал, содан соң көреміз,— деген папасы.

Былтырдан бері үстінен бір түскен емес, бірақ тозатын велосипед жоқ. Артқы көк дөңгелектің ғана сәл-пәл сыр беріп қалатыны бар — нипелінің қақпағы жоқ, ептеп жел жібереді.

Бауыржан мен Талғат көк дөңгелекке нипель іздеп, магазин атаулыны талай аралаған. Сөйтсе, екеуіне керегі дәл иектерінің астында екен.

Екеуі ойнап көрші үйдің ауласына барған.

Бір кез Талғат Бауыржанды иығынан қойып қалды:

- Бауыржан, таптым-таптым!
- Нені?
- Нипельдің қақпағын.
- Көне?

Талғат сұқ саусағымен ауланың бұрышында тұрған ақ «Запорожецті» көрсетті.

— Әне, ананың нипелінің қақпағы велосипедтікіне тұп-тура келеді.

— Қойшы, ей!

— Рас!

Орындарынан атып-атып тұрып, ақ «Запорожецке» қарай ұмтылды. Ентелей келген күйі екеуі машинаның алдыңғы екі дөңгелегіне жармасты.

— Ой, балалар, бұларың не?

Дәл құлақтарының түбінен шыққан өктем үн екеуін де селк еткізді. Жалт-жалт қарасты. Көше комитетінің председателі Өмірбек ағай екен. Ұзын бойлы, қалың қабақты, онсыз да сұсты кісі ашудан түтігіп кетіпті.

Бауыржан мен Талғат зәрелері ұшып, орындарында қақиып қатты да қалды.

— Нені бүлдіріп жатырсыңдар? Кәне, дереу орнына келтіріңдер!

Екеуі әлі ештеңені бүлдіре қойған жоқ еді. Сонда да көздері жыпық-жыпық етті.

— Онда былай, бері жүріңдер!

Өмірбек ағай балалар қорқып кеткесін, жүзін жылытып, жымыиып қойды.

— Балалар, сендер неменеге дірілдеп тұрсыңдар? Мен құбыжық емеспін, қорықпаңдар. Білсеңдер, айтыңдаршы, бұл кімнің машинасы?

— Кімдікі?

— Білмейміз.

— Иә, білмейсіңдер. Білсеңдер, тимес едіңдер. Сендерді, немене, жол белгілерімен таныстырмады ма?

— Жоқ.

— Оқығанымыз жоқ.

— Бәсе. Ана алдыңғы және артқы әйнектерге жапсырылған үш бұрышты белгіні көрдіңдер ме?

— Көрдік.

— Қарапайым тілмен айтсақ, белгі мына машина мүгедек адамның машинасы дегенді білдіреді. Ал бұл ақ «Запорожецтің» иесі — Файзолла ақсақал — Ұлы Отан соғысының мүгедегі, бір аяғы тізеден төмен

жоқ. Польша жерінде қалған. Сендер сол аталарыңның аяғын ұзартып жүрген көлігіне тиіскелі жатырсыңдар.

Бауыржан да, Талғат та жерге кірердей болды.

— Ағай, біз білмей қалдық.

— Біз әлі еш нәрсесіне тигеніміз жоқ. Кешіріңіз!

— Солай ма? Білмегенді кешіруге болады.

Файзолла атай машинасын гаражға қоя алмайды. Сондықтан бұл ақ «Запорожец» осы жерде тұрады. Үлкеніміз де, кішіміз де оған көз қырымызды сала жүруіміз керек.

— Ағай, уәде береміз. Сіздің айтқаныңызды орындаймыз,— деді Бауыржан.

— Біз енді мұның маңынан ешкімді жүргізбейміз,— деді Талғат.

— Сөйтіндер...

Өмірбек ағай өстіп ойда жоқ жерде Бауыржан мен Талғатқа осындай бір үлкен міндет жүктеді.

Екі бала сөзінде тұрды. Ертелі-кеш ақ «Запорожецті» бақылап жүргендері.

Файзолла атай балалардың бұл қамқорлығын сезбеді дейсіңдер ме, сезді. Инабатты, тәртіпті балалар екен деп разы болды.

Атай Бауыржан мен Талғаттың нипель қақпағын ұрлап алмақ болғанын білмейді, әрине. Білмегені жақсы.

Көк дөңгелек нипель қақпағынсыз-ақ зырлап тұр. Бар болғаны Бауыржан мен Талғат үш-төрт күнде оның желін қайта бір насоспен еселеп қояды.

ҰЙҒАРЫМ

Көктемгі каникулға шығуға енді екі күн қалған. Балалар кәдімгідей желігіп, ойлары мектепте емес, ойында еді. Соңғы сабақ біте бере Рахима апай:

— Балалар, мектеп оқушылары металл сынығын жинайтын болды. Бұл игі іске біз де өз үлесімізді қосуымыз керек. Сірә, бұл жұмысқа бүгіннен бастап кіріскен жөн болар. Неғұрлым ерте қолға алсақ,

солғұрлым ерте бітіріп, арқа-басымыз кеңітін болады, — деді.

Үшінші кластықтар гу ете түсті.

— Металл сынығын қайдан табамыз?

— Ал керек болса, каникул!

— Оны каникулдан кейін жинайық та?

— Балалар, тынышталыңдар! Ұйғарым — сол. Жинау керек. Барлық оқушылар іске кіріседі, біз де сөйтеміз.

Клустағылар ойланып қалды.

— Металл сынықтары табылады, апай. Көп-көп табылады.

Балалар түгел Бауыржанға қарады, қуанғаны да, таңданғаны да бар.

Бауыржан енді қай жерден табатынын айта бастады:

— Технологиялық институттың арғы жағындағы запас бөлшектер заводының орнында темір-терсек толып жатыр. Мен оны көптен бері білем.

Бауыржанның сөзін балалар іліп әкетті:

— Рас, апай, онда металл сынықтары өте көп.

— Мен де көргем, үйіліп жатыр.

Талғат іштей таңданып отыр: «Мына Бауыржан пәле екен-ай!»

Шынында, пәле болмаса, өсте ме? Әйтпесе, запас бөлшектер заводының орталықтағы цехын қаланың шефінен салынған жаңа заводқа көшіріп әкетіп, оның орнын тегістеп тастағанын осы балалардың бәрі біледі. Қанша тазаланды дегенмен ол жерде металл сынықтарының әлі де аз емес екені рас.

Түстен кейін үшінші класс оқушылары запас бөлшектер заводының, дәлірек айтқанда оның көшіріп әкетілген цехының орнына келді. Бір қарағанға жып-жылмағай болып жатқан жерді көргенде балалар:

— Кәне, темір-терсек?

— Жұмысшылар біз жинайды деп тастап кетсе қайтеді? — десіп, қырсық-қыңыр сөздер айта бастады.

— Темір-терсекті Бауыржаннан сұраңдар. Мен

кеттім. Шоқан, сен де жүр,— деп Талғат Шоқанға бұрыла берген.

— Менен сұрап неге керек? Жөндеп қараңдар, табасыңдар. Кімде-кім арамызға іріткі болады екен, барсын,— деп Бауыржан жерге еңкейіп, шеті көрініп жатқан білектей темірді тартып алды.

— Ой, рас екен.

— Жабылдық, ендеше.

Балалар улап-шулап темір-терсек жинауға кірісіп кеп кетті.

Талғат пен Шоқан біраз состиып-состиып тұрды да, ақырын жылыстап кете барды.

Бауыржан бастаған балалар металл сынықтарын көп қылып жинап әкеліп өткізді.

Ертеңіне Рахима апай балаларға қатты риза болды:

— Пионер вожатыйы айтты. Металл сынықтарын көп өткізіпсіңдер. Жарайсыңдар бәрің де!— деді.

— Апай, арамызда қыңырлар да бар,— деді Бауыржан.

— Иә, олар кім?

— Талғат пен Шоқан.

— Қашан болса, екеуі өстіп бөлектеніп жүреді, бізге қосылмайды. Кеше де сөйтті, бізді тастап кетіп қалды.

— Бізге де бұлардың қажеті жоқ. Барсын, басқа класқа ауыстырыңыз.

Рахима апай балалардың сөзін үн-түнсіз тыңдап тұр.

Талғат пен Шоқанда үн жоқ.

Балалардың даусы жарқын-жарқын шығады.

Талғат та, Шоқан да Бауыржанға қарады, бірде-не айт дегендері. Бауыржан не десін? Екеуінен көңілі қатты қалған екен, беттер емес.

Рахима апай да не айтарын білмей дал болды.

— Апай, шынында, бізді үшінші «В» класына ауыстырыңызшы,— деді Шоқан.

— Солай еткен жөн, апай,— деді Талғат.

— Бұлар ешқайда да бармайды. Сонда бұл екеуі не класс болып ықпал ете алмаймыз ба? Жоқ, жөнге саламыз.

— Балалар, Бауыржан дұрыс айтады. Сендер өз достарыңды өздерің тәрбиелеулерің керек. Жаман оқығанды жақсының, тәртіпсіз болғандарын үлгілілер қатарына қосу тек мұғалімнің ғана емес, бәрінің де міндетің болуы тиіс. Солай ма, балалар?— деді Рахима апай.

— Солай, апай!

— Солай.

Рахима апайдың құлағына осыдан басқа сөз шалынған жоқ.

Кластың тоқтамы да осы болды.

БӨЛІНІП ҚАЛҒАН ЕКЕУ

Бауыржан бірде «Жұлдызшасының» мүшелерін түгел жинап алып:

— Ал, балалар, бізге қағаз қалдықтарын жинауға команда берілді, тездетіп іске кірісейік,— деді.

Балалар бұл хабарды қуана қарсы алды:

— Ура! Қағаз қалдықтарын жинаймыз.

— Несі бар, жоспарды орындаймыз. Бәріміз жабылып жинаймыз, қатырамыз.

Бірақ бес саусақ бірдей емес.

— Жабылсандар, жабылындар. Біздің үйде ескі газет-журнал толып жатыр. Мен өзім соны әкелемін,— деп қыңырайды Талғат.

— Біздің үйде де жетеді,— деп қостай кетті оны Шоқан.

Бауыржанға бұл сөздер мүлде ұнаған жоқ. Әркім өзді-өз үйінен газет-журнал көтеріп келетін болса, оның несі қызық!

— Жоқ, бұл болмайды. Бәріміз бірігіп шығамыз, үй-үйді аралап, кеңселерге кіріп жинаймыз.

— Сол да сөз екен! Сен біздің әрқайсымыздың

қанша килограмнан қағаз өткізетінімізді айт, бі Шоқан екеуміз сонша әкеліп береміз.

— Иә, сөйтеміз.

— Не, сендер сонда «Жұлдызшадан» бөлінбейсіңдер ме?

— Неге? Өз үлесімізді қоссақ, жетпей ме?

— Артығымен қосамыз. Жетеді.

— Жетпейді. Сендер бөлектенген екенсіңдер, ба-рыңдар. Біліп қойыңдар, сендер әкелген қағаздарыңды бізбен бірге өткізбейсіңдер.

— Мейлі. Өзіміз-ақ өткіземіз.

Талғат пен Шоқан өстіп өз «Жұлдызшаларынан» бөлініп қалды.

Бауыржан бастаған балалар мектептің жанындағы құрылыс тресіне келді де, ұзыннан-ұзақ коридордың екі қапталындағы есіктерді шетінен ашып, қағаз сұрай бастады. Бұлар қай есікті ашпасын отырғандар қуана қарсы алады:

— О-о, балалар келіп қалды. Қағаз қалдығы ма? Бар-бар.

— Келіндер-келіндер, балалар. Білеміз, сендер жылда осындай кезде қағаз қалдығын жинайсыңдар. Дайындап қойғанбыз,— десіп буда-буда қағаз ұсынады.

Үлкендер де, балалар да көңілді. Көдімгі бір мереке сияқты. Балалардың әкелген ыдыстары, қойны-қонышы қағазға толды. Соның бәрін таразыға салғанда «Жұлдызшаның» жоспары артығымен орындалған болып шықты.

Пионер вожаты Айгүл Берікбаева бұлардың әкелген қағазын өлшеп, қабылдап алды да:

— Жарайсыңдар, балалар! Сендер бірінші болып өткізіп біттіңдер. Бұл жөнінде енді қабырға газетіне жазамыз,— деді.

«Жұлдызша» мүшелері қол шапалақтап жіберді.

Осы сәт қолдарында бір-бір себет газет-журналы бар Талғат пен Шоқан келе қалды.

— Мыналар да үшінші класта оқушы ма еді?— деді Айгүл.

— Иә, біздің класта оқиды.

- Бұлар қай «Жұлдызшадан?»
— Біздің «Жұлдызшадан».
— Онда әкеліңдер қағаздарыңды, таразыға қойыңдар.
— Бізге олардың қағазының қажеті жоқ, қоспаймыз. Өздері өткізе берсін.
— Неге?
— Олар бізбен бірікпей қойған. Қағазды өз үйлерінен барып әкелді.
— Сендер қосқызбасаңдар, бұлардың қағазын мен де қабылдамаймын. Мұны қай класс өткізді деп жазбақпын? Апарыңдар үйлеріңе.
Талғат пен Шоқан аң-таң боп тұрып қалды.
Бауыржан бастаған балалар мез-мейрам болып класқа беттеп бара жатыр.

ҚЫЗҒАНШАҚ

Бауыржан, Талғат және оның інісі Алдан үшеуі ойнап отырған.

Ойында ештеңе жоқ Бауыржан төрде сүйеулі тұрған домбыраға қол созған еді, Алдан шыр ете қалды.

— Тиме-е! Тарт қолыңды!

Бауыржан қолын тартып ала қойды.

— Ол — атамдікі. Ұстама. Сындырасың.

Домбыраны адам сындыру үшін алмайтыны белгілі ғой.

— Алдан, сындырмаймын, тартамын.

— Бауыржан, алып тарта бер...

Талғаттың сөзі аяқталар-аяқталмастан, Алдан домбыраны бас салды.

— Жоқ, тартпайды. Сынып қалады. Атам ұрсады.

— Бер. Тартсын.

— Бермеймін. Домбыра сенікі емес, атамдікі. Атам «Ешкімге ұстатпа» деген.

— Қашан? Атам қайта біздің домбыра тартқанымызды жақсы көреді.

— Жоқ. Жақсы көрмейді.



Алдан домбыраны алдына өңгеріп алған, ешкімге ұстатар емес.

Өзінен кіші баламен ерегісіп ешкім абырой таппайды.

— Талғат, мейлі, Алданның айтқаны-ақ болсын. Басқа бірдеңе ойластырайық. Қызық кітап бар ма?

— Бар.

— Бар болса, әкел, оқиық.

Талғат шкафтан қалың қызыл кітапты алып, Бауыржанға ұсына берген.

— Ұстама-а!

— Не болды мына Алданға тағы?

— Алма. Жыртасың. Ол — «Қазақ ертегілері» — атамдікі. Атам: «Ешкімге оқытпа» деген.

— Қашан? Атам кітап оқуға ешқашан қарсы болып көрген емес.

— Оқысаңдар, басқа кітап оқыңдар. Атамның кітабын оқытпаймын мен сендерге.

— Бұныңды қоймасаң, енді таяқ жейсің:

— Талғат, тиме! Басқа бір ермек табайық.

— Мейлі, онда, дойбы ойнайық.

— Бар ма еді?

— Бар.

— Онда әкел.

— Әкелмейсің. Ойнамайсыңдар. Шашып құртасыңдар.

— Шашқаны несі?

— Дойбы — атамдікі. Атам «Ешкімге ойнатпа» деген.

Талғат күйіп кетті:

— Мынау қайтеді-ей? Қызғаншақ! Көрсетейін мен саған...

Талғат інісіне тап берген, Бауыржан ұстап қалды.

— Талғат, қой! Алдан-ақ алсын бәрін. Жүр, біз кеттік далаға.

— Бара беріңдер. Қайда барасыңдар, келесіңдер қазір-ақ.

— Өзің келіп жүрме соңымыздан.

— Тапқан екенсіңдер ақымақты. Үйде-ақ оты-

рам. Домбыра тартам, ертегі оқимын, дойбы ойнаймын.

— Отыр. Көреміз қанша отырғаныңды.

Бауыржан мен Талғат ойын қызығына әбден берілді. Алдан ұмыт болған.

Ал Алдан бұларды ұмытпапты:

— Бауыржан, Талғат!

Алданның қолында домбыра, қолтығында «Қазақ ертегілері», дойбы. Балконда тұр.

— Бауыржан, Талғат, бері келіңдер. Жүріңдер үйге. Мә, мыналарды берем. Атам ұрыспайды.

Алданның сөзіне ешқайсысы құлақ асқан жоқ, ойындарын жалғастыра берді.

АЛА МЫСЫҚ

Бауыржан оянганмен жылы төсекті қимады. Тұруға ерініп, көзін бір ашып, бір жұмып, маужырап жата берді. Бір кезде кереуеттің астынан тықыр естілгендей болды. Тұрғысы келмесе де, әуестік жеңіп, төсектің астына үңілді. Кеше ғана қарны жер сызып жүрген мысығының бауырында қыбырлап жатқандарды көргенде Бауыржанның қуанышы қойнына сыймады. Ала мысықтың бір шақасын қолына ұстап аялағысы келді. Еңбектеп жақындап еді, ала мысық мұрты тікірейіп, айбат шекті.

Бауыржан ала мысықтың бұл мінезіне әжептәуір ренжіді. Кетейін десе, көзі қимады, жақындайын десе, ала мысық жолатпайды. Сөйтіп тұрып санай бастады. Шақа төртеу екен. Ол апыл-ғұпыл киінді де, сыртқа шықты. «Енді менің мысығым бесеу болды»,— деп, бірге ойнайтын достарына түгелдей хабарламақ.

Ала мысық сондай қызғаншақ екен. Қанша аңдығанмен, балаларын көзінен таса қылмады. Үнемі бауырына басып жатты. Әдепкі күндері Бекежанның табақпен әкелген сүтін де өзгерішсіз ішті.

Ала мысықтың шақасының үшеуі өзінен айнымайтын ала да, біреуі тарғыл екен.

Төртеуі де ала мысықтың бауырына жабысып, емшек іздеп тұртінектеп, мияулап жатқанда Бауыржан:

— Кеудесінде нең бар, ей? Мыналар көрмей ме, немене?— деп таңданып, олардың қимылдарын қызықтап ішек-сілесі қата күлді.

— Қайдан көрсін. Әлі көзін ашқан жоқ қой,— деді апасы.

Бауыржан мысық балаларына енді зер салды. Бәрі де көздерін тарс жұмып алыпты.

— Мұнысы несі? Ашпай ма?— деді таңданып.

Бауыржан ит пен мысықтың балаларының көздерін кейінірек ашатынын білмейді екен,

Ала мысықтың балалары аз-ақ күннің ішінде көзін ашып, есейіп қалды. Анасы енді аңшылыққа шыға бастады.

Ала мысық үйден кетісімен, Бауыржан көршінің қызы Назым екеуі ала мысықтың балаларының аузына сүт тосып өуре болады. Өйткені Назым біреуін ертерек үйіне алып кетуге асығып жүр еді. Бауыржан да біреуін өзінше тамақ беріп асырауды ойлаған.

Ала мысық даладан кіріп келісімен-ақ, пырылдап балаларын тез бауырына жинап алады.

Бауыржандар бала мысықтардың мойнына әлдеқашан жіп тағып қойған.

Назым бір күні өзінің қызыл жіп таққан ала мысығын бауырына қысып, үйіне алды да кетті. Бауыржан өзінің тарғылын төсегінің үстіне жатқызып қойды.

Ала мысық сырттан келісімен, баласын мәуілдеп әрі іздеп, бері іздеп, әлекке түсті. Аяқ астынан бір баласының ұшты-күйлі жоқ болғаны қалай? Сол түні-ақ балаларын каналдың арғы жағындағы ғалың қамыстың ішіне тасымақ болды. Каналдан науаның үстімен өту керек. Одан үнемі су үзілмейді.

Мысық түнде науаның қылдырықтай қырымен балаларын тістеп, қамыс арасына біртіндеп таси бастады. Екеуін арғы жағаға еш қиындықсыз өткізді. Тіпті каналдың жағасында тұратын әлгі На-

зымдардың мысық атаулыға өш Алыпсоқ деген көк төбеті де байқамай қалды. Бірақ үшіншісін тістеп каналға жақындай бергенде, Алыпсоқ көріп қойды. Не істеу керек? Науадан жүгіріп өте шығу қауіпті. Суға құлайды. Айбат көрсетпесе, Алыпсоқ қауіпті, жақындап та қалды. Амалсыздан баласын канал жағасына тастай салды. Дүрдиіп, көмейін ысылдатып итке қарсы тұрды.

Алыпсоқ та, мысық та бір-бірін көз жазбай аңдысып қалды.

Осы кезде ала мысықтың баласы тырбаңдап жатып, жардан домалаған күйі каналға шолп ете түсті. Ала мысық екі көзін иттен алмаған күйі шегіншектеп, мияулап-мияулап жіберді. Көк төбет түк болмағандай, жайына жүре берді. Ала мысық екінші бір баласынан осылай айрылды.

Қамыс арасынан торғай, тышқан ұстап жеп, ала мысық қалған екі баласын асырай берді. Қарны ашқанда үйге де келіп кетіп жүрді. Ол келген сайын Бауыржан: «Балаларың қайда? Ертіп кел! Енді ешкімге бермеймін»,— деп ұрысқан болады. Ала мысық оған түсінбейді, түк көрмегендей көзін жұмып, пыр-пыр етеді.

Өсе келе ала мысықтың балалары өзіндей үлкен мысық болды. Екі баласының өзіне тартқан аласы жұқалау, пысық, ал тарғылы болжыр, бос болып өсті. Тарғыл шешесінің жанынан шықпайтын, ал анау өзінше аң аулап ұзап кете беретін. Шешесі қаншама жанынан шығарғысы келмей еміренгенмен, пысық біртіндеп ұзап жүріп, ақыры жатағына қайтып оралмай қойды.

Бір күні түнде ала мысық жалғыз баласын үйге ертіп келді. Далада жүріп жалғыз баласынан да айрылып қалам ба деп қауіптенген болуы керек. Тарғылы адам көрмей тағыланып кетіпті. Жүк аяқтың, төсектің астына кіріп, шықпай қойды. Бауыржан жақындағанда ырылдап, екі көзі оттай жанып, қашпақ болып еді, ала мысық қақпайлап шығармады. Есік жақта екі құлағын тікірейтіп етпетінен түсіп, аңдыды да жатты. Тарғыл мысық бірте-бірте ұста-

ғанға да көнді, тырнамайтын болды. Ала мысыкка енді мұны аңдудың қажеті болмай қалды. Үй ішінде де еркін жүреді. Бауыржан тарғыл мысықты қанша жұлмалап ойнаса да, ала мысық түк қызғанбады.

ҚАРА СИЫР

Сиырлар өрістен қайтқан еді. Паданың алдында қаншырдай қатқан қара сиыр ентелеп келеді. Кіртиген екі көзін бұзаулар тұрған қаша жақтан алмайды. Бар назары сонда, басқа жаққа мойын бұрар емес. Қашаға жақындағанда әукесін созып, мөңіреп-мөңіреп алды. Іштен бұзаулар үздік-создық дыбыс берді. Бірақ қара сиыр сан дауыс ішінен өзіне ғана таныс үнді ести алмады. Енді кілт бұрылып суат жаққа бет түзеді. Қызыл бұзауын іздеп шарқ ұрғалы екінші күн.

...Сол күні қара сиыр да өрістен екі бүйірін теңдеп оралып еді. Тұяқтары сыртылдап, қораның сыртына тұра қалғанда етегі көлбеңдеген иесінің бос шелекті қаңғырлатып жетіп келетінін біледі. Сосын осыдан төрт-бес күн бұрын иесі ертіп әкелген әнебір кекілді қара бала қызыл бұзауын босатып қоя береді. Қашадан орғып шыққан бұзауқаны алғашқы екпінімен біраз жерге жүгіріп барады да, қалт тоқтап, құлағы селтиіп, жалынышты мөңірейді. Сонда «Мә-ө, мен мұндамын»,— дейді бұл. Содан соң, солқылдатып емшегін сорады дейсің бір. Арасында желінін нұқып-нұқып жіберетіні бар. Қара сиырдың тұла бойы балқып, иіп сала береді. Оның құйымшағын, бөксесін, арқасын жалап, рақатқа батады.

Бірақ бұл жолы бұзауқаны дыбыс бермеді. Қашаны қанша айналды, бөрібір. Иесі де мүсіркегендей әукесінен ақырын қағып-қағып қойып, желініндегі сүтті күрп-күрп сауа жөнелді.

Иесі кеткен соң, мүйізін шайқап-шайқап жіберіп, қашаның ішіне кіріп еді, бос екен. Сұлқ түсіп, тұрып қалды. Ертеңгісін иімей қойды.

Таң азанымен мейман бала мұны қайтадан па-
даға қосқан. Бұл — каникулда ауылға келген Бауыр-
жан болатын. Қара сиыр табыннан бөлініп, кер-
тарта берді.

— Өк. Өк-ей.

— Не бар-ей, бұған қашада?

Бақташы да қара сиырға бұл жолы айрықша
шүйлікті. Сәл оқшауланса бітті, құрықтай ұзын ды-
рауын үйіріп, қатарға қосады. Ал келесі күні көзінен
тіпті таса етпеді.

Суатқа жақындағанда қызыл бұзауының иісін
сезгендей болды. Танауын көтеріп ауадан осқырына
дем тартты. Алдан, өзен жақтан ескен самалдан се-
зіледі екен. Өңкілдеп, солай қарай ұмтылды.

Жағаға жетіп келсе, өзеннің арғы бетінде мәңгі-
реп бұзауы жүр. Суға қойып кетті. Бірақ ағыны күш-
ті су қайырға әкеп тықты. Қайыр оппа. Ауыр сал-
мақты тартып алады. Бауырына дейін кіріп кетті де
қыбыр ете алмады. Енді бұзауы да енесін көрді.
Қайыр саз оны көтерді.

Қалың қорысқа кіріп, адасқан бұзауымен екі
жылға тең екі күндік айрылысудан кейін осылай
табысты қара сиыр.

Өрістен қайтпағасын іздеп шыққан Бауыржан
батпаққа батып тұрған қара сиырды көрісімен, ауыл-
ға шапты. Былтыр келгенде де, осы тұсқа бір сиыр
бата жаздап еді. Тез тартып шығармаса айрылады.

Жігіттер қамыттаулы екі ат алып, қашығырақ
тағы көпірді айналып келмек болып жүргенде, ауыл
қариялары Аралтөбе үстіне жиналып қалған еді.

— Ойпырмай, не болар екен?

— Әлгілер ерте жетсе тәуір болар еді-ау!

— Жануар-ай, бұл да баласы үшін отқа да, суға
да түсуге бар!— десіп шулап тұр бәрі.

Ар жақтан жігіттер де жақындап қалған еді. Ал
қара сиырдың ештеңемен ісі болған жоқ, тек қызы
бұзауын жалай берді.



АТАМ
АЙТҚАН

АБДОЛЛА АТАЙ

— Мұрат, Абдолла атай сендердің көшелерінде тұрады ғой.

— Иә.

— Біздің жиынға сол кісіні шақырайық деп отырмыз.

Мына қағазды атайға сен апарып бер.

— А-атай...

Аузыма осыдан басқа сөз түспей, оны Алмагүл апайдың қолынан аң-таң болып ала бердім де, көз жүгірттім.

«Құрметті Абдолла атай!

СССР-дің 60 жылдығына байланысты сенбі күні мектебімізде өткізілетін жиналыстың құрметті қонағы болыңыз. Өзіңізге бір тілегіміз де бар: Совет өкіметі үшін белсене күрескен күндеріңіз туралы балаларға әсерлі әңгіме айтып берсеңіз дейміз. Соған дайындалып келсеңіз.

Мектеп дирекциясы».

Мәс-саған! Абдолла атайды мұндай кісі деп кім ойлаған?! Ақ қырау шалған қалың қасы түксиген, кесек тұлғалы қарт көптің бірі болатын. Қашан көрсең де үйінің маңында бір шаруамен айналысып жүргені. Ауласы, үй іргесіндегі бағы жайнап тұрады. Бірақ еш бала атайдың бағына қарай аяғын қия басып көрген емес.

...Міне, енді Абдолла атай құдды сабақ білмейтін бала құсап абдырап, алдымызда тұр.

— Апырай, не айтсам екен, ә? Бұл бір қызық болды-ау өзі. Ұзақ әңгіме еді, қайсыбірін айтам? Қап!

Атай қысылып-қымтырылып, демнің арасында терлеп-тепшіп қоя берді.

Алмагүл апай басу айтты:

— Атай, асықпаңыз, бәрін айтыңыз. Үлкендердің өмірі — балаларға үлгі.

— Жөн, қарағым. Мейлі, енді айтып көрейін.

Абдолла атай енді осылай сәл-пәл аял қылып алып, әңгімесін жәйімен бастап кетті.

Сондағы Абдолла айтқан әңгіме мынау еді.

...Ақ патшаның он алтыншы жылғы июнь жарлығы Қарабақыр аулына келіп жеткенде, Абдолла 18 жасар жігіт болатын. «Ақ шаңырақ адам бермейді, қара шаңырақ қағыс қалмайсың». Жергілікті әкімдер мен би-болыстар үкімі — осы. Әкесі де, өзі де жалшы Абдолла тізімге алдыңғылардың бірі болып іліккен. Балаң жігіт тағдырына мойын ұсынған. Бірақ Тілеулі ұлының үлкенін өлімге тірідей байлап бергісі келмеді. Бір түнде Абдолла мен кіші баласы Әбдірахманды ақ інгенге мінгестіріп, жолға шықты.

Содан бір айдай мерзім өткенде, туған жері Талас бойын тастап, таса іздеп шыққан Тілеулі Верный қаласының маңындағы Есентай сайында отырған ауылдың бір шетіне келіп күрке тікті.

Бұл жақта да ел дүрлігулі еді. Өтеген би шарқ ұрып, шаруалардың балаларын шетінен матап жөнелтіп жатқан.

Абдоллаға да тықыр таянған. Ауыл адамдарынан:

«Орыс байларына жалға тұрғанды әскерге алмайды екен» дегенді естіп, Абдолла Қарасу бекетіне тартқан. Покровский дегеннің күш-көліктеріне — өгіздері мен аттарына бақташы болды. Үйіне түнде-летіп келіп тұрады.

Бір келгенінде әкесі:

— Балам, келме. Бағана Өтеген би шақыртып алып: «Сен балаңды жасырып жүрген қу екенсің. Үш күн мұрсат берем. Сол мерзім ішінде балаңды өз қолыңмен жетектеп әкеліп, маған тапсырасың. Өйтпейді екенсің, жер бастырып жүргізбеймін»,— деп қатты тепсінді. Сақ бол, балам,— деп тез қайтарып жіберді.

Ертеңіне Абдолла екі ұдай хал кешті. Сорлы әке, жетім бауыр не күйде? Өтеген би нағыз қатыгездің өзі дейді. Айтқанын істейді ол. Не істеу керек?

Абдолланың бұл халін сала құлаш сары мұртты жалшы жігіт Иван ұққан сыңай танытты. Бір-екі рет Покровский сыныққа сылтау іздеп, Абдолланы қырына алғанда, Иванның ара түскені бар-тын. Содан бері Абдолла ептеп қазақша білетін осы бір әділетті адамды іш тартатын.

Түскі үзіліс кезінде Иван жөн сұрады.

Абдолла болған жайды айтты.

— Иә, орыстың да, қазақтың да байларына сенім жоқ, күні ертең-ақ сені өкіметке ұстап берер. Сен одан да түнде Есентай сайына бар. Онда Тоқаш Бокин халықты жинап жатыр. Бар соған, Абдолла,— деді Иван жанашырлықпен.

— Барам, Иван.

Кешке Абдолла Покровскийдің барлық күш-көлігін бір сайға тастап, Есентай сайына тартып отырды.

Жасырын бас қосып жатқан топқа келіп, оның басшысы Тоқаш Бокинге жолықты. Бар шынын айтты.

— Жақсы, жігітім. Ынжық емес екенсің. Жалшы жігітке отрядта орын бар,— деп Тоқаш Абдолланы арқаға қақты, тізімге жазды.— Ендігі әңгіме ертең Мүттәйім бағында болады. Осы отырған бәріміз сол бақта бас қосамыз. Енді еш нәрсеге алаңдамастай болып кел.

— Келем.

Ертеңіне Абдолла Иванды көргенше асықты.

Абдолла әкесі мен інісіне тартты. Бір көріп кетпекші еді.

Бірақ сар желдіріп жетіп келгенде, ойнақтап, жүгіріп шығатын інісі де, шөп басы сынса да елеңдеп отыратын әкесі де көрінбеді. Жүрегі бір сұмдықты сезгендей. Қап-қараңғы күркеге жасқана енді. Табалдырықтан аттай берген бойда былқылдаған бір нәрсеге сүрінді. Сипалап еді, әкесі екен. Қанға боялып жатыр. Өлтіріп кетіпті. Өкіре бас салды. «Әбдірахман қайда?» Абдолла жан ұшырып інісін де іздей бастады.

— Әбдірахман! Бармысың бауырым, тіл қатшы!

— А-а. Аға.

Әбдірахман ақ інгеннің шомының астына кіріп кетіпті.

— А-аға, қазір аналар келеді. Сені де өлтіреді,— дейді иегі кемсеңдеп.

Абдолла келісілген жерге уақытында жете алмады. Әкесін жерлеп, інісін Верныйға әкеліп, біреуге қол бала қылып берген соң барып қосылды отрядқа. Кекті жігіт отрядта сайыпқыран сарбаз атанды. Бірде көңілін көптен мазалаған жәйтті — Өтеген биден кек алсам-ау деген ойын Тоқашқа айтқан.

— Біз жеке адамның кегі үшін емес, халық мүддесі үшін жүрміз. Біздің әрқайсысымыз өзімізше қимылдасақ бұл күресіміздің мәні не болмақ? Бәріміз тізе қоса қимылдасақ қана құриды Өтегендер. Сонда ғана қайтады халық кегі,— деді Тоқаш ойлана.

Абдолла отрядқа өзінің бас қамы үшін келіп қосылып еді, сөйтсе мәселе түйіні тереңде екен. Абдолла біртіндеп сауатын ашты да, революция ісіне біржола берілді.

1918 жылғы февральда Верныйдағы патша әскері қамалына жасалған шабуылда Тоқаш Бокин отрядының ер жүрек жауынгерлері арасында Абдолла да бар болатын.

Осыдан кейін Тоқаш Бокин отряды Верныйда қалып қойды да, Абдолла қызыл әскерге қосылып, Жетісуды ақ бандадан тазартуға аттанды.

Гавриловка селосы үшін болған бір ұрыста

Абдолла қатты жараланды. Әжептәуір уақыт ес-түссіз жатып, көзін ашса, дәл жанында жау зеңбірегі от бүркіп тұр екен. Абдолла атының өлексесін тасалап, зеңбірекшіні жалғыз оқпен жайратып салды. Осы сәт тағы да талықсып кеткен.

— Абдолла, Абдолла! Туысқан!

Құлағына таныс үн талып жетті. Біртіндеп есі кірді. Біреу басын көтеріп, аузына су тамызып отыр. Алдымен көзіне шошақ бөрік, қызыл жұлдыз шалынды, сонан соң Иванның сары мұртын, барлық таныс кейпін көрді.

— Иван!

— Абдолла! Міне, біз қайта кездестік. Көрдің ғой, екеуміз де қызыл әскерміз.

— Иван, мен өлетін шығармын.

— Қой, қайдағыны айтпа, емделіп, жазыласың. Біз өлмеуге тиіспіз. Күрес әлі алда.

Иванның айтқаны келді. Абдолла Верныйдағы лазаретке жеткізілді, өлмеді, жазылып шықты.

Бұдан кейін Абдолла Мағазы Масанчи басқарған отряд құрамында болып, Қазақстан мен Орта Азияны тап жауларынан азат ету жолындағы кескілескен ұрыстарда жан қиярлық ерлік көрсетті. Әрқашан ұрысқа кірерінде: «Қызыл әскер өлмейді, соғысады, жеңеді»,— деген Иванның сөзін бір қайталап қоюшы еді. Дәл солай болды да.

Тап жаулары талқандалған соң, Абдолла дұнғандармен бірге бір селоға қоныс тепті. Бұл жерден өзі туған Қарабақыр аулы да алыс емес-ті. Бірақ Абдолла атай жаңа өмір жолындағы күресте табысқан дұнған достарымен бір болғанды жөн көрді. Колхозды өздері құрысты, гүлдендірді. Бәрі де енді жолды балаларына берген, өздері құрметті демалыста.

ТЫРТЫҚ СЫРЫ

Мен ес білгелі атам шаштаразға барған адам емес. Өзінің өткір ұстарасын қолымызға береді де, шашын жібітіп:

— Ал,— дейді.

Әкеме де, ағама да сөйткен.

Ендігі кезек маған келді. Атам ұстарасын алғаш ұсынғанда, қолым дірілдеп, қатты жүрексіндім. Өйткені шекесінде айқыш-ұйқыш тыртықтар көп еді.

— Қорықпа, Мұрат,— деді атам.— Атаңның басы не көрмеді дейсің. Сенің қолың сәл тайып кетсе, арам қаным шығар. Аяма, сыпыр.

Мына сөзден соң, көңілім орнына түсіп, батылда-намын. Сөйтіп жүріп, шаш алуды әбден үйреніп алдым.

Енді атамның шашын алу асыға күтер күнге айналды. Шашын сыпырып тастаған кезімде атам:

— Міне, азамат! Шаш ала білген адам батаға ие болады. «Жауынмен жер көгереді, батамен ер көгереді».— деп бата берер еді.

Бірде, оның осындай көңілденген сәтінде:

— Ата, шекеңіздің бәрі тыртық. Ол неліктен?— деп сұрадым.

— Бәрінің де себебі бар. Әрқайсысы бір-бір әңгіме. Айтып берсем тыңдайсың ба. Жоқ, сендер кітаптан басқа әңгімені қойып па едіңдер?— деді атам.

— Тыңдаймын, айтыңыз.

— Ендеше тыңда. Атаң жетімдікті көп көрген адам. Анам үш жасымда қайтыс болыпты. Әкем Түрсиян мен әжем Ұрпияның қолында қалыппын. Олардың маған жетімдік көрсеткісі келмеп еді. Бірақ екеуін де он жасымда, 1917 жылы, сүзек ауруы алып кетті.

Өгей шешем Бижамал еркек кескінді, аса қатал адам еді. Көп ұзамай біреуді қолына кіргізді де, мен өгей әке, өгей шешенің қолына қарап қалдым. Киер киім, ішер асқа жарымаған заманда олар үшін көзге

шыққан сүйелдей болғанымның төркіні түсінікті. Екі күннің бірінде төбемде әңгір таяқ ойнайды. Содан мені Тихон деген кулакқа жалға берді. Сол кезде жасым небәрі он екіде еді. Бұғанам бекімей жатып, осылай мехнатты еңбекке жегілдім.

Шамамнан тыс жұмысқа жарамаймын. Сондықтан Тихон кулак та таяқтан айырмады. Тыртықтардың біразы содан қалды.

...Тихонның аттары шетінен жарау еді. Қамыт салдырмайды. Солардың ішіндегі жуасы — бір қарагер ат болатын. Қасына барғанымда сол ғана басын төмен салатын. Бірде өлгі жануардың да құлағын тігіп, кекшіе қалғаны. Қамытты көтергенімде, оскырынып, кейін шегінді. Қамыт өз мойныма киілді.

— Оңбаған ит.

Осы сөзді естідім. Арғысын білмеймін. Мойнымдағы қамыт жоқ. Бет-аузым сірне-сірне қан. Басымда жалшы Ахмет отыр.

— Әй, балақан-ай, шананы өзім жегетін едім ғой.

— Қарагер жуас еді.

— Уәлихан, құлақтың аты да өзі сияқты құбылмалы болады. Бұдан былай абайлағын.

Ахмет маған осылай ақыл айтып жатты. Мен басымды изей көне бердім. Міне, бір тыртық.

Әй, Ахмет адамның алтыны еді ғой. Он екі жасар баладан қайбір жалшы шықсын. Ахмет бір өзі екі адамның жұмысын істейтін. Тұла бойы толған күш-қайрат, пәкене, тапал жігіт еді. Неше рет Тихонның көрінен, әлім келмес жұмыс азабынан аман алып қалған еді.

Сарыбұлақ дейтін жерден шанамен бауланған бидай әкелуге бардық. Екеуіміздің қарамағымызда он жалғыз аттық шана бар. Ең біріншісінде Ахмет, соңғысында мен. Ортадағы аттар өздері жүріп отырады. Осы сапарда мен Ахметтің адамгершілігі мол, нағыз күш иесі екенін көрдім.

Деревнядан таң қараңғысында аттанып, суыт жүріп Сарыбұлақтағы маяға күн шыға жеттік. Қыстың қысқа күнінде таң атса, күн батпай ма? Ахмет шаналардың бірінен соң бірін тией бастады. Мен ша-

на үстінде тұрмын. Бауларды жаймалаған боламын. Ахмет жерде тұрып-ақ бауды қалаған жеріне қояды. Бесін кезінде он шана түгел тиеліп бітті. Жолға шықтық. Қырсыздық дегенді қойсаңшы бұл. Ылдиға түскенде сырғып кетіп, шананың оқтығына кептеліп қалдым. Қарагер теппеді. Қарды сыза, сүйретіліп келемін. Өлді деген осы екен.

Абырой болғанда Ахмет артына қарап мені оқтықтан суырып алды.

— Әй, балақай-ай, шананың үстінде жөндеп отырсаң етті.

Бар болғаны осы. Бірақ, мен жерге кіріп кете жаздадым. Осы бауды масақтап, астық ұшыратын веялкаға салдық. Ал ол веялканы қолмен бұрап жүргіземіз. Бұған да менің шамам жетпейді. Сонда да тырбанамын.

Тихон келіп қалды. Ол не болса соған ашуланады. Ахметке батпайды. Мені қит етсем, сойып салады. «Таз ашуын тырнадан аладының» кебі онысы. Бұл жолы да таяққа жығылдым. Тағы бір тыртық түсті шекеме.

Күн жексенбі еді. Жексенбіде деревня халқының ауқатты адамдары сауық құрады. Жаным Тихонның қызы Аксиныя мен баласы Васька келіп:

— Үйде ешкім жоқ. Жүр,— деді.

Сол сәтте екеуін жақсы көріп қалдым. Мен жылынып, тамақ ішкен соң, төбе басына шығып, жұрттың ойынын тамашалап тұрдық. Бір кезде өзіміз де ойынға араластық.

Ойнап жүріп, абайламай Аксиныяны жылатып алдым.

Сол-сол-ақ екен, Васька таяғымен шекемнен салып кеп жіберді. Бетімді қан жуып жүре берді. Кулак балаларымен ойнап жүріп тағы бір тыртықты маңдайыма бастым. Сонда күн кешкіріп қалған. Жылап-сықтап келе жатыр едім, екі адам жолықты. Мені біреуі тоқтатып, сөзге тартты.

— Кімнің баласысың, атың кім?

— Әкем жоқ. Атым Уәлихан, фамилиям Тұрсиянов.

- Шешең бар ма?
- Жоқ.
- Енді қалай күн көресің?
- Жалшымын.

— Мен Солдатовпын. Осында істеймін. Кедейлер мен батрақтарға көмектесемін. Ал мынау — Бутта жолдас. Батрақтар комитетінің председателі. Сен бізге көмектес. Біз сені қамқорлығымызға аламыз.

Міне, мен 1917 жылдан коммунист — деревнядағы партия ұйымының секретары Лазарь Иванович Солдатовпен осылай таныстым.

— Біз, коммунистер, астық жинап жүрміз, — деді ол. — Ол астық майдандағы солдаттар мен заводтағы жұмысшыларға аса қажет болып отыр. Ал кулактар астықтарын тығып, тапсырмай қойды. Ленин комсомолының қатарына өткің келсе, бізге көмектес. Тихонның астығын қайда тыққанын қадағала.

— Жарайды.

Бұл жайды Ахметке айттым. Ол қуанып кетті. Ахмет Тихон тұрмақ, басқа кулактардың да кейбіреуінің астықтарын қайда тыққанын біледі екен. Маған әбден түсіндірді. Мен Солдатовқа айттым. Көп ұзамай Ахмет айтқан жердегі астық түгелдей алынды.

1923 жылдың аяғында Солдатов маған Ленин комсомолының қатарына өтуіме мінездеме берді. Сөйтіп мен 1924 жылы комсомолға өттім.

Осы жылдары ауылдарда комсомол ұйымдарын құру қолға алынды. Жан-жаққа өкілдер аттандырылды. Мен ауылда комсомол ұйымын құруға белсене қатыстым.

1925 жылы ауылда байлардың жерін кедейлерге бөле бастадық.

Бір ауылға келгенімізде байлар қаруланып, дайын тұр екен. Бізге лап қойды. Біз қарусызбыз. Біреу мені шекемнен күрекпен ұрды. Есімнен танып қалдым.

Көзімді ашсам, бет-аузым қан. Ал менің доста-

рымның бірінің қабырғасы, бірінің аяғы сыныпты. Осы жолы менің шекеме соңғы тыртық түскен еді.

Біз көп ұзамай алғашқы ауыл шаруашылық артелін құрдық. Ол «Өркен» деп аталды. «Өркен» өркен жайды, өсті. Сендер — «Өркеннің» баласысыңдар. Сендердің торсықтай шекелеріңе ешкім тыртық салмасын. Біз осы үшін күрестік, өз шекемізді кулактардың соққысына тостық.

Мен содан бері атамның шашын тіптен әдемілеп алатын болдым. Ұстараның жүзі атамның тыртығына тиіп кетіп, жарасын жаңғыртпасын деймін.

ДӘНЕК ПЕН ТЕРЕК

Қызғалдақ жайнап тұрған. Көрген адамның бәрі қызығар еді.

Бірде Алатау сілемдерін қуалай саулаған Қордайдың сары желі ұйтқи соқты. Үлпілдеп тұрған қызғалдақ түгіл тасты да ұшырды. Қалың қызғалдақты отап тынды. Гүлдердің әлсін-әлсін төгілген қып-қызыл жапырақшалары қайнардың бетін көміп кетті. Қайнардың бүрк-бүрк атқылаған көзі қойсын ба, жапырақшаларды әлдеқайда ағыза жөнелді.

Қызғалдақтардың дәнектері қалың шөп арасына жасырынған, кейбірі топырақ жамылып үлгерген. Келесі күні аламан-топыр құйын жүріп өтті. Шаң-тозаң шыр көбелек айналып, қайнар басындағы алып бәйтеректің ұшар басына жетті.

Бұл аламан-асырдың ішінде қызғалдақтың бір Дәнегі де жүрген еді. Құйын басылысымен ол да теректің бір бұтағынан соң бір бұтағына соғылып, төмен қарай қаңғалақтап келе жатты. Өкпесі өшіп, әлдәрмені құрыған шақта бір жуан бұтақ түбіне құрылған өрмекші торына ілініп қалды. Өрмекші ұясынан шыға салып, Дәнекті әй-шәйға қаратпай, матады да тастады. Сөйтіп Дәнек торға маталған күйі жаз бойы тұрды. Күзгі жаңбыр өрмекші торын, оған маталған шыбын-шіркей, қиқым-сиқыммен бірге бәйтерекке жапсырып тастады.

Дәнек бәйтеректің жарығына кіріп кеткен. Қыстай жылы жерде ұйқыға басты.

Көктем туды. Бәйтерек оқтын-оқтын сілкініп, шуылдап тұрды. Күн құрғатпай нөсер құйып, ағаштың өн бойын қуалап су ақты. Бәйтерек жаңбырға шомылған сайын жіпсіп, рақатқа батып, тазара бастады.

Дәнекті де су әлденеше рет шайып өтті. Өз-өзінен желік пайда болып, қыбырлай бастады. Жерге түскісі келді. Төменге қарап еді, басы айналды. Жер алыс, лайсаң екен.

— Жерге түссем, ана батпаққа батып, тұншығып өлем-ау! — деп қуысқа бұға түсті.

Кешке қарай күшті дауыл тұрып, Бәйтерек қатты сілкінді.

Дәнекте ес қалмады. Дауыл бір саябырсығанда ол:

— Ататай, мені аяй көр! Көп қозғамансыңшы. Менің сізге еш зияным жоқ қой. Осы кішкентай қуысыңызда қала берейінші, — деп безек қақты.

— Өй, сен кім едің? — деп гүр етті Бәйтерек.

— Мен — Қызғалдақтың Дәнегімін.

— Онда несіне қалтырайсың? Секір жерге. Жер — бәріміздің Анамыз. Ол сені өндіреді, өсіреді. Жайқалып тұр сонан соң көздің жауын алып.

— Өспеймін. Жатам өстіп. Қозғалсам, жел былтырғыдай іліп әкетіп, тау-тасқа соғады.

— Қой, сен тіл ал! Ондай-ондай болмаса, өмірдің қызығы қайсы? Жер қазір жұмсақ. Қойнына кіресің де кетесің. Жер демі ыстық, қыстайғы дененді алған суықтан әп-сәтте арыласың. Өніп-өсесің.

— Көктемеймін. Қызғалдақтың өмірі қысқа екен. Кішкентай ғұмыр үшін әуреге түскенше, жата берем осылай.

— Сендер — қызғалдақсыңдар, біз — терекпіз, мына кең дүниеге керекпіз. Сөзді доғар, секір, кәне!

— Секірмеймін!

— Секіресің! — Бәйтерек ашуланып, дүр сілкінді.

Дәнек безек қақты:

— Ататай, тимеңізші!

— Жасықты жек көремін. Шыбық тимес, шың етпе болған деген не сұмдық!

Бәйтерек енді әй-шәйға қараған жоқ, қайта-қайта сілкініп, Дәнекті түсіріп жіберді.

Дәнек зу етіп құлдилаған бойы жұп-жұмсақ топыраққа көмілді де қалды.

Жер жылуы мен күн қызуы қойсын ба, Дәнек алдымен бусанды, сонан соң қыз-қыз қайнап, бөрте бастады. Екі-үш күннен кейін ақ сүйрік болып өніп, қылтып жер бетіне шыға келді.

Бәйтерек сол орнында тұр екен, жапырақтары бұр жарған.

— Бәйтерек ата, міне, мен өніп шықтым!— деп айқай салды Дәнек.

— Айтпадым ба, гүлім! Қорқып едің, қуанып тұрсың енді. Қуанышың алда. Сен әлі балғынсың. Күні ертең көздің жауын алар қызғалдақ болып жайқаласың. Қызғалдақ — қуаныш гүлі,— деп дауыстады Бәйтерек.

— Кімді қуантам, қалай қуантам?

— Өс, жайқал! Арғысын өмірдің өзі көрсетеді.

— Мақұл, айтқаныңызды орындаймын, Бәйтерек ата. Сіз де өсіңіз!

Нөсерлетіп жаңбыр құйды. Қызғалдақ суға тұншығып, қалшылдап жаурай бастады.

— Бәйтерек ата, өлдім,— деп шыңғырды.

— Шыда, қызғалдақ. Сіміре бер жаңбыр суын. Ертең күн шығады, жайнай түсесің.

Қызғалдақ жаңбырға әбден шомылды, тамыры да ылғалды құныға жұтты.

Бәйтерек айтқандай, ертеңіне жадырап күн шықты. Қызғалдақ құлақтанып, қызыл шұбар жапырағын жайды. Енді өне-міне дегенше алақандай-алақандай жапырақтың дәл ортасын жарып шыққан өзек басы қауашаққа айналды, ол жарылды да, қызғалдақ қып-қызыл шоқтай құлпырып кетті.

Қызғалдақ сұлу да инабатты гүл болды. Сұлуын деп дандайсыған жоқ. Талай-талай долы дауыл ұрып, аптап ыстық сорып, қақаған суық қарып, өн

бойын бұжыр-бұжыр, шор-шор еткен қарт Бәйтерекке:

— Бәйтерек ата, сіздің тіліңізді алғаным дұрыс болыпты. Ақылыңызға рақмет!— деп иілді.

ЖЫЛАН МЕН ҚАРАҚҰРТ

Шілденің күні. Жер-дүниені шыжғырып тұрған шаңқай түсте сандықтай тастың көлеңкесінде қарақұрт пен қара шұбар жылан кездесіп қалды. Екеуі де сая қылар көлеңке іздеп келген-ді.

— Әй, қыбырлаған неме, қайдан жүрсің? Жөнел бар, жаныңның барында аулақ!— деді жылан ыс-ыс етіп.

— Әй, шұбатылған ішек, барсаң, өзің бар! Мен тұрғанда саған көлеңке қайда?— деді қарақұрт та торсып.

Екеуі екі жерде жата берсе, көлеңке, әрине, жететін еді.

Бірақ ондай ынтымақ жылан мен қарақұртта қайдан болсын?!

Сәл жатып салқындаған соң, екеуі де басын көтерді.

— Әй, жаңағы айтқаным қайда? Бар, мен ұйқтауым керек. Маза бер,— деді жылан зекіп.

— Барсаң, өзің бар. Босат көлеңкені, бұл жер енді менікі болады. Торымды құрып, мекен етем,— деді қарақұрт қасарысып.

— Айтқан тілді алмадың ғой.

— Алмадым.

— Бар дегенде бармадың ғой.

— Бармадым.

— Ал әйтпесе өз обалың өзіңе.

Жылан қарақұрттың уы жиналған торсығын шап беріп тістеп алды. У толы торсық тырс жарылды. Қарақұрт аяқтары серейіп қиралаңдады да қалды.

Аузына толып кеткен уды жылан жұтып кеп жіберді. Өзегі өртеніп бара жатты. Ендігі сәтте жылан

шорт-шорт бөлініп, басы, құйрығы, ортан белі — әрқайсысы әр жаққа шорши жөнелді.

Сөйтіп көлдей көлеңкеге сыймаған екеу лезде жайрап жатты.

БОЗТОРҒАЙДЫҢ ЕРЛІГІ

Бозторғай ертелі-кеш балапандарына жем тасумен жүрген еді.

Күн сәскеге таянғанда ұясына жем алып ұшып жеткен бозторғай бір қатердің үстінен түсті. Ұзындығы сала құлаш қара шұбар жылан тілін сумаңдатып ұясына жақындап қалыпты. Балапандары аузын ашып, шыр-шыр етеді.

Бозторғай ұя мен жыланның аралығына келіп қонды.

— Мына сорлы қайтеді-ей?! Жан керек болса, былай тұр жолымнан,— деді жылан басын көтеріп.

— Сен менің балапандарымды жемексің, қалайша мен саған жол бермекпін? Жоқ, ол болмас.

— Онда өзіңді жеймін.

— Жей алмайсың.

— Не дейсің? Бозторғай жыланға қыр көрсетті дегенді кім естіген.

— Кім естісе, ол естісін. Мен балаларымды тастап кете алмаймын. Одан да өзімнің өлгенім жақсы.

— Онда кел бері, түс аузыма.

— Аш аузыңды.

Жылан аузын ашып, көзін жұмды.

Бозторғайға керегі де осы еді, жыланды шап беріп екі аяғымен басынан мықтап бүріп, жерден іліп әкетті. Жылан торғайды орап алмақ болып жиырылып, әлектеніп көріп еді, ештеңе шықпады.

Бозторғай шырқай көтеріліп, тү-у биіктен жыланды жайпақ тастың үстіне тастап жіберді. Сосын жер бауырлай ұшып, оның парша-паршасы шыққанын көрді де, жөніне кетті.

Бозторғай бұл ерлікке балапандары үшін барған еді.

ТАЗША БАЛАНЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

(ертегі)

Шу өзенінің екі бетіндегі кең сазға екі ауыл қатар көшіп қоныпты. Бірақ апта өтеді, ай өтеді, адам араласпайды, мал қосылмайды. Әр ауыл өз тірлігімен бола береді. Оның мәнісі екі ауылда бір-бірін көре алмайтын екі бай болған екен. Олар ертелі-кеш өзен жағасындағы дөңеске шығып алып, бір-бірінің жүрген-тұрғанын аңдиды. Аңдысу арбасуға ұласады. Осыдан кейін-ақ екі ауылдың да адамдары өзеннен су алуға да емін-еркін бара алмайтын халге жетіпті. Арам ой адамға не істетпейді?! *

Бір күні сол жақтағы ауылдың байы ұрыларын жинап алып:

— Барыңдар! Өліп, сүйектерің сол жерде қалса да, арғы ауылдың жылқысын шашау шығармастан бері айдап өтіңдер!— деп бұйырыпты.

— Неге?— дейді бас ұры.

— Ана мес қарынның қарагер айғырының даусы жаман, барқырап жер жарады. Содан қорқып, бүкіл қысырағым қысыр қалды. Бұйрықты орындаңдар!

Қожасының айтқаны екі болсын ба?!

Енді оң жақтағы бай да қарымта қайтаруға кіріседі. Бүкіл ауылды жиып, кеңес құрыпты. Малың алдырған ауыл ашулы, қатты дүрлігеді. «Бізді басынған екен. Шабамыз»,— депті кейбір ұр да жық жігіттер. «Ақылға келейік»,— десіпті ақсақалдар.— Ашуға ырық берсек, екі ауылдың арасы бүлінеді».

— Уа, жарандар. Бұл түсініспеушілікті ұрыс-керіссіз реттеуді маған сеніп тапсырыңыздар!

Жиналған жұрт дауыс шыққан жаққа жалт-жалт қараса, жарбиып тазша бала тұр. Көпшілік сенерін де, сенбесін де білмей аңтарылып қалыпты.

— Иә, мұны айтып тұрған мен,— дейді тазша бала.— Маған мылтық беріп, ертең осы уақытта күтіңдер.

Желігіп тұрған жігіттер дарақылана күліп, әжуалай жөнеледі.

— Өй, мынау не деп тұр?

— Түрін қараңдар! Жалғыз мылтықпен не істемек екен сонда?

Осы сәт көпті көрген көне көз қария:

— «Асыл — тастан, ақыл — жастан» деген. Жигіттер, баланың айтқанын орындаңдар,— дейді.

— Жөн, ақсақал дұрыс айтады.

— Біз ағайынды шаппаймыз,— деп, шу ете қалыпты үлкендер жағы.

— Көрейік. Егер ертең осы уақытта жылқым бергі жағада болмаса, қария, сенің де, тазша, сенің де басыңды алам,— депті бай.

Тазша бала ертеңіне оқ тола оқшантайды буынып, мылтықты асынып, көрші ауылға қарай бет түзепті.

Арғы бетке аяғы тиісімен Тазша бала алдынан үріп шыққан иттерді шетінен атып, ілгері тарта беріпті. Мына суық хабар байға жетіпті.

Бай жігіттерін жұмсап, тазша баланы алдырды.

— Кімсің?— депті бай.

— Арғы ауылдың қойшысымын.

— Е-е, мұнда нең бар? Иттерге неге тиісесің?

— Біздің ауылдың қойының бәрін қасқыр қырып кетті. Пәленің бәрі иттен болды. Қасқырдан қорқып үрмейді. Соған ашуланып, алдымен өзіміздің ауылдың итін бірін қалдырмай қырып бітіп, енді осы ауылдың иттерін шетінен атып келем.

— Ей, тазша неме, өзінде ақыл бар ма? Ол ауылдың иттерінің қорқақтығынан қойды қасқыр жесе жепті, ал бұл ауылдың иттерінде нең бар?

— Дұрыс, байеке, сіздің өзеннің арғы бетіндегі айғырдың даусынан бергі бетіндегі байтал қорықты дегеніңізге сеніп, тап осылай істеп ем. Мұным ақымақтық екен. Кешіріңіз, қойдым,— депті тазша бала.

— Тіліңе шоқ түссін. «Жүйесіз сөз иесін табады» деген! Бар-бар, өзің де, жылқың да құрысын, әкет!— деп, бай сұп-сұп болып отыра кетеді.

— Маған да керегі осы,— депті де, тазша бала аулының жылқысын алдына сап, өзеннің оң бетіне өтіпті.

АРЛЫ БАЛА

(ертегі)

Ертеде, бұрынғы өткен заманда бір мақтаншақ бай болыпты. Ол кешкілік ауыл сыртындағы төбеге шығып, көпшілікпен әңгіме-дүкен құрып отырғанды ұнатады екен. Бір күні төбе басындағы топтың жанына ойнап жүрген балалар келе қалады.

Еріккен бай балаларды күрестірмек болады.

Ортаға байдың баласы шығады. Екі мықынын таянып, талтайып тұрған оған ешқандай бала батпайды.

— Кәне, байекеңнің баласымен қайсың күресесің? Келіндер. Мырзаға батпайсыңдар, ә?— деп бір мосқал жылтыр қара балалардың әрқайсысына бір қадалады.

Балалардың бәрі жерге қарап, шегіншектей береді.

Мосқал адам балаларды шетінен шап беріп ұстап алып, бай баласына қарай итеріп жіберіп тұрады. Бай баласы қолына іліккенді жерге атып ұра береді.

Бір уақытта бай қолын көтереді:

— Уа, тоқтатыңдар! Қыранның баласы да қыран, қарғаның баласы да қарға. Менің баламмен күресу қайда бұларға? Қой, доғар, балам. Біреуін майып қып жүрерсің.

Жұрт тына қалады.

Бай қарқ-қарқ күледі, ал баласының екі езуі екі құлағында, мез.

Сол сәт ортаға бір бала атып шығып, байдың баласымен ұстаса кетеді. Сол сол-ақ екен, әлгі көз ілеспес шапшаңдықпен байдың баласын атып ұрады да, басынан аттап кетеді.

Ел ішін тартып, бір сұмдықты күтеді.

Мосқал жылтыр қара әлгі палуан баланың әкесі еді, ол баласын ашулана дедектетіп ортаға сүйреп әкеледі.

— Өй, есерсоқ, осы жаңа еді ғой жығылып қал-

ғаның. Сені қай шайтан түртті? Қайтіп жықтың байекеңнің баласын?

— Онда мен сізді аяғам, енді өзімді аядым.

Әкесі баласын одан өрі жұлмалады.

— Не деп тұр мына оңбаған?

— Мен қарғаның баласы емеспін.

— Апыр-ай, құртты-ау! Мынау бала емес, пәлекен-ей!

Әкесі баласын ұрмақ болып, қолын көтере берген.

Сол сәт аппақ сақалы омырауын жапқан, көпті көрген көне көз қария:

— Тоқтат, жетер! Өй, өңшең ез. Жұдырықтай бала құрлы намыс болмаған соң, өстіп шуылдамағанда қайтпексіңдер?! «Күш атасын танымас» дегенді неге білмейсіңдер? Балам, кел бері. Арлы екенсің, айналайын! Малсыз болсаң да, арсыз болма. Бүгін өз намысыңды қорғай білсең, ертең еліңнің намысын қорғарсың, — деп намысшыл палуан баланы жанына шақырып алып, маңдайынан иіскейді.

Бай бармағын шайнады. Аңдамай сөйлеймін деп өзінің де, баласының да абыройын айрандай төккен еді.

Байдың баласы әкесі сияқты дөң кеуде бай болады. Әкесінің байлығын еселеді.

Ал кедейдің баласы ақсақал айтқандай, жамбасы жерге тимеген палуан, ел намысын ардақтаған батыр болды. Қол бастап, халқын талай жаудан қорғап қалды.

АРМАНЫНА ЖЕТКЕН АЙБАЛТА

(ертегі)

Бір адам балта сатып әкеліп, қораның бұрышына тастай салыпты. Алғашында әне саптаймын, міне саптаймын деп жүрді. Кейін мүлде ұмытып кетеді.

Балта болса, тот басып өрінен айрылып бара жаты. Ол таза болаттан құйылған еді. Сондықтан бұл қорлыққа төзе алмады. Бір күні өн бойын намыс кернеп, орнынан шоршып кетті де, жанында жатқан қайрақ тасқа тиіп сыңғыр етті.

— Бұл кім?— деп қыр ете қалды қайрақ тас.

— Мен — Балтамын.

— Иә, не болды?

— Қайрақ тас, сен ақыл қосшы. Не істеу керек. қайтсем жарқылдап иемнің қолында жүрем?

— Арманың сол ма?

— Иә, арманым — адамға қызмет ету.

— Онда баяғыда-ақ қимылдауың керек еді. Тоғайға бар, өзіңе лайықты сап кесіп, киіп ал. Сөйт те маған кел, мен сені қайрап, жарқылдатып шығарайын. Көрсін содан соң иеміз.

Балта қуанып кетті, бір шоршып, екі шоршып тоғайға тартты.

Балтаны сонадайдан көргеннен-ақ қалың ағаш:

— Балта келе жатыр!

— Қайсымызды кесер екен?— деп шу ете қалды.

Бәрі дүрдиіп, селк-селк етіп қорқып тұр.

Балта тоғайдың шетіне келіп, қалың ағаштың әрқайсысына бір тесіліп қарап тұрды. Бірі ұзын, бірі жуан, бірі жіңішке ағаштар абыр-сабыр, тынышталар емес. Балта жөндеп көре алмай, қайсысын кесерін білмей, дел-сал болды.

Ағаштар біртін-біртін жүрек тоқтатып тынышталайын деді. Балта сол сәт үлкен ақ қайыңның өзіне лайықты бір бұтағын таңдап үлгерді. Іле сарт етіп сол бұтаққа жабыса кетті. Өне-міне дегенше әлгі бұтақты кесіп, сап қылып киіп алды да, ауыл қайдасың деп тартып отырды.

Ағаштар шуылдасып қала берді. Бәрі енді бұтағы кесіліп, жаны қиналып тұрған ақ қайыңға басу айтты.

— Ештеңе етпейді, бір бұтағың кесілсе, екіншісі өсіп шығады,— деді Бәйтерек.

— Иә, сөйтеді, кішкене қиналарсың, жетіліп кетесің,— деді қарт Қарағай.

— Үзілген бұтақ — ұзатылған қыз. Ол енді Балтамен бірге иелерінің қолында жүріп, талай шаруа бітіреді. Бір бұтағыңның адамның игілігіне жұмсалғанына сен қайғырма, қайта қуан,— деді дәу Тал.

— Рақмет бәріңе! Жанашыр ағайындық сөздеріңмен жарты қайғымнан арылтқандай болдыңдар. Айтқандарың рас, біз бәріміз адам үшін, адамның игілігі үшін өсіп тұр емеспіз бе? Барсын бұтағым, жолы болсын! Басқа амал қанша,— деп Ақ қайың ауыр дем алды.

Сол кез төменде қаптап тұрған қалың шіліктің біреуі шіңкілдей жөнелді:

— Саған сол керек. Әуелеп өсем деп, көзге түскен өзің. Басында мына біз құсап өспей, жер бауырлап жатып алсаң ғой, сапқа жарамас едің. Сонда сені ешкім де кеспейтін еді. Ал енді аһыла-уһіле.

Шіліктің бұл сөзін жалғыз Ақ қайың емес, қалың ағаш түгел естіді. Бәрінің бойын ашу кернеді.

— Қап, мынаны-ай, ей! Мұның бойы неғып өспей жүр десем, осындай қу екенсің ғой,— деді Бәйтерек.

— Айтпа, тегі. Арамын қарай гөр! Мұндайлар өспейді, аяқ асты болып қала береді,— деді қарт Қарағай.

— Бәсе, бұлар неге жапырақ жаймай жүр десем, күншіл екен ғой. Күншіл болдым дегенше, іс бітті. Азып-тозып кеттім дей бер,— деді дәу Тал.

— Мейлі, өзіне жақсы болса, айта берсін,— деді Ақ қайың.

Шілік ләм-мим деуге шамасы келмей, жер болып қалды.

Сапталған Балтаның адымы ұзарып қалған, қораға тез-ақ жетті. Келе қайраққа жармасты:

— Қайреке, айтқаныңызды орындадым. Ендігі кезек сіздікі.

— Мұның енді жөн. Уәдем — уәде!

Қайрақ Балтаны қайрап, тотын кетіріп, жарқыратып шығарды,

Ертеңгілік қораға кірген иесі қылпып тұрған балтаны көріп:

— Апыр-ау, мына Айбалта қайдан шыққан? Сабы қандай әдемі еді. Осындай бір балтаға қол жетпей, қор болып жүр едім, жақсы болды-ау,— деп жатып кеп қуанды.

Балта өстіп әрекет қылды да, арманына жетті. Ол енді адамға қызмет етеді.

Тоғайдағы ағаштар ше? Ақ қайың, ағаштар айтпақшы, жалғыз бұтағы үшін көп зардап шеккен жоқ, жетіліп, жайқалып тұр. Ал шілік болса, сол күйі көлеңкеде қалған.

ЖЕҢІЛГЕН ХАН

(ертегі)

Ертеде бір кедей неше жыл жалшылықта жүріп, тапқан-таянғанын тірнектеп жинап, ауқатты ауылдасынан кішкене ғана жер сатып алады. Көктем шыға ол өлгі ауылдасының қосына шығып, ақысына соның өгізімен өз жерін де жыртып алуға келісіпті.

Сөйтіп кедей ауылдасының жерін аударып болып, өзінікіне келіп түседі. Алғашқы айналымның аяғына шыға бергенде-ақ түрен жүзі қатты бір нәрсеге тіреліп тұрып қалады. Шаруа: «Тас шығар» деп, алып тастамақ болып, еңкейе береді. Сөйтсе түрен ат басындай алтынға тірелген екен. Кедей шошып кетеді. Өзіне-өзі күбірлеп: «Мен жерді ғана сатып алдым. Ал алтын — жердің иесінікі» дейді де, алтынды ауылдасының үйіне алып келеді.

— Мен ол жерді өмір бойы өңдеп келдім. Сонда бұл алтынның барын да, жоғын да білген емеспін.

Қазір жер де, алтын да сенікі,— деп ауылдасы алтынды алмайды.

— Жоқ. Еңбегім сіңбеген нәрсе менікі емес,— деп, кедей алтынды тастап, қайтуға ыңғайланады.

— Мұныңыз болмайды, көрші. Мен де ешкімнен жөн-жосықсыз ала жіп алып көрген адам емеспін. Өзімнің малым да жетеді. Алтыныңызды алып кетіңіз,— деп ауылдасы ат-тонын ала қашады.

— Енді қайттім? Қайда бармақпын?— деп, кедей дал болады. Ауылдасы кедейді аяп кетеді де:

— Онда мұны ханға апарып, төрелігін сұрайық. Хан кімге бұйырса, сол алсын,— дейді.

Екеуі хан сарайына келіп, толып жатқан жас сауылдарға жалынып-жалпайып жүріп, ішке өзгеріп кіреді.

Хан тағында уәзірлерімен кеңес құрып отыр екен.

— Дат, тақсыр,— дейді, есіктен ене бере екеуі де басын жерге жеткізе иіліп.

— Даттарың болса, айт,— дейді хан.

Екеуі сандықтың аузын ашып жіберіп, болған жайды жарыса айтып шығады.

Хан тыңдап болып, бас уәзіріне:

— Екеуіне екі діллә бергіз-дағы, алтынды қазынаға апарып салғыз,— деп әмір етіпті.

Кедей мен ауылдасы:

— Бізге ештеңенің керегі жоқ.

— Бәрі сіздікі, хан ием,— деп, келген іздерімен кері қайтады.

Олар ұзады-ау дегенде ханның бас уәзірі:

— Хан ием, осымыз ағаттық іс болған жоқ па өзі?— депті.

— Қалайша?— депті хан.

— Тақсыр! Әлгі бейшаралардың екеуі де бойларында жарты мысқал арамдық жоқ момын адам екен. Сізге бар пейілдерімен, әділ төрелігіңізді естігелі келгенде, алтынды қазынаға алу — қиянат. Естіген ел не демек?— депті сонда бас уәзір.

Хан бедірейіп, біраз үнсіз отырып қалыпты. Ол бұрын да естіп ойланбай іс қылып, елдің ренішін туғызып жүреді екен. Уәзір сол жанды жеріне тие сөй



леп отыр. Мына жайды естіп, ел наразы болса қайтпек?

Хан халық қаһарының не екенін білетін жырынды қу еді:

— Тез шақыр онда екеуін,— деп әмір етеді.

Жалаңдаған жасауылдар жан қойған ба, әне-міне дегенше, екеуін дедектетіп хан алдына алып келеді. Екеуінде өң-түс жоқ, бастары салбырап кеткен.

— Ей, құдайдың шын сүйген құлдары, көтеріңдер бастарыңды. Сендер адам естімеген адалдық көрсеттіңдер. Соларыңа орай мен де, хан атаулы жасамаған ұйғарым айтамын. Екеуіңнің біріңде ұл, біріңде қыз болса, құда болыңдар. Мына алтынды солардың еншісіне бердім,— дейді хан.

Кедейде бой жеткен қыз, ал оның ауылдасында ер жеткен ұл бар екен. Екеуі ханның мына күтпеген шешіміне қайран қалып, үйлеріне қайтады.

Келе, хан жарлығын кедей қызына, ауылдасы ұлына айтады. Қыз бен жігіт қосылуды құп алады.

— Алтынды біз де алмаймыз. Хан ием бізге енші бергісі келсе, өз қазынасынан берсін. Жерден табылған алтын — оңай олжа. Ол бізге опа болмас,— дейді сонда кедейдің қызы.

Кедей мен ауылдасы ат басындай алтынды көтеріп, ханға қайта келіпті. Ханға қыздың айтқанын сол қалпында жеткізіпті.

Хан санын бір соғыпты.

— «Абайламай сөйлеген ауырмай өледі». Жеңілдім қызыңнан. Еншісі әзір. Ал мына алтын халықтікі екен. Бұл түгел жұмсалсын, жер өңделіп, жеміс-жидек отырғызылсын. Адам баласы оның өнімін игілігіне жаратсын,— деп жарлық қылыпты.

Хан жарлығы орындалып, ұшы-қиырсыз мол жер игеріліп, әне-міне дегенше-ақ өнім бере бастапты.

Бұл жарлықты хан: «Адамдар бау-бақша мен жеміс-жидектің өнімін бөлісе алмай, бір-бірімен ырду-дырду болып жатады, дау-дамай, айтыс-тартыс өрбіп, алдыма жүгіне келетіндер көбейеді, соларды әрі де, бері де жығып, билік айтып, үстемдігімді арттырамын»,— деген ішкі есеппен берген еді.

Бірақ олай болмай шығады. Ел ішіне молшылық орнап, той көбейіпті. Сондай берекелі тойдың бірі — кедейдің қызы мен оның ауылдасының баласының некелескен тойы болыпты.

Хан айтқанын екі ете алмай, тойға екі жасқа енші әкеліпті.

Кедей де, оның ауылдасы да шексіз бақытқа бөленіпті.

«Кең болсаң, кем болмайсың» деген сөз, сірә, осыдан қалса керек.

МАЗМҰНЫ

Бауыржан деген бала бар

Өнші	4
Кейін көреміз	5
Көңілшек	10
Қуаныш, әкел бетті!	13
Тазалық күнінде	16
Мұны қалай түсінеміз?	20
Көршілік парыз	22
Еріншек	25
Қорқақ кім?	30
Ақау	34
Бір шәугім шай	38
Адамның ақ пейілі	40
Көк дөңгелек	44
Ұйғарым	46
Бөлініп қалған ексу	49
Қызғаншақ	51
Ала мысық	54
Қара сиыр	57

Атам айтқан

Абдолла атай	60
Тыртық сыры	65
Дәнек пен терек	70
Жылан мен қарақұрт	73
Бозторғайдың ерлігі	74
Тазша баланың тапқырлығы (<i>ертегі</i>)	75
Арлы бала (<i>ертегі</i>)	77
Арманына жеткен айбалта (<i>ертегі</i>)	79
Жеңілген хан (<i>ертегі</i>)	81

Для детей младшего школьного возраста

АЛДИХАН КАЛДЫБАЕВ

ЗЕЛЕНОЕ КОЛЕСИКО

Рассказы и сказки

(На казахском языке)

Редактор Қ. Жұмашев

Суретшісі Д. Өтеков

Көркемдеуші редакторы Қ. Егізбаев

Техникалық редакторы Ж. Момынов

Корректоры А. Асқарғалиева

ИБ № 3077

Теруге 9.01.85 жіберілді. Басуға 03.07.85 қол қойылды.
Форматы 60×90^{1/8}. Қағазы баспаханалық № 2. Қаріп
түрі «мектептік». Шығыңқы басылды. Баспа табағы 5.5.
Есептік басылуды табағы 3.9. Шартты болу көлемі 5.9. Ти-
ражы 35 000 дана. Заказ № 535. Бағасы 15 тиын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері
жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы,
480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері
жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» поли-
графиялық жоспарындары өндірістік бірлестігінің поли-
графкомбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі,
41-үй.

